

Мәкен УАҚТЕГІ

A photograph of a man with dark hair and a mustache, wearing a dark shirt, looking towards the camera. He is positioned in front of a scenic landscape featuring a waterfall cascading over rocks into a pool of water. The background is filled with tall evergreen trees under a cloudy sky. The entire scene is framed by a dark, wavy-edged border.

ХАЛЫҚТЫҢ
ҚАЙНАРЫ



Қайнар КАНАЛБЕКҰЛЫ

Мәкен УАҚТЕГІ

ХАЛЫҚТЫҢ
ҚАЙНАРЫ



“Өркениет”
2005
Алматы

ББК 53.59

У 12

М.Уақтегі

Халықтың Қайнары. – Алматы, 2005 ж. 92 бет + 0,5 жапсырма.

ISBN 9965-502-36-6

Бұл кітапта Жамбыл облысының Шу ауданында тұратын халық емшісі Қайнар Каналбекұлының жанкешті тағдыры нақты деректер мен мысалдар арқылы нанымды баяндалады. Сондай-ақ емшінің алдында болып, сырқатына шипа тапқан азаматтардың да алғыс сезімдері қоса беріліп отыр.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

ББК 53.59

у 4108020000
00(05)-05

ISBN 9965-502-36-6

© Уақтегі М., 2005

АЛҒЫ СӨЗ

Кеңес дәуірінде салт-дәстүрімізге, тілімізге, дінімізге құрсау салынғаны баршамызға белгілі. Сонымен қатар халқымыздың қанына сіңген болжағыштық-жауырыншылық, емшілік іспеттес ізгі қасиеттер де “жабулы қазан” күйінде көмулі жатты емес пе?!

Дүниені дүр сілкіндірген 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі тұтасқан сенді қақырата сөккен соң көп ұзамай тәуелсіздікке қол жеткіздік.

Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздіктің таңы атқан соң салт-дәстүріміз де, дініміз де, тіліміз де қайтадан жаңғырып, жандануға бет бұрды.

Сондай-ақ, жер-жерлерде тәуіп, бақсы-балгерлер де көптеп бой көрсеткені бәрімізге мәлім. Баз біреулері ауыл-ауылдарды аралап, халықпен біте қайнаса, араласып та кетті. Кейінгі кезеңдерде уақыт талабына орай олардың іріктеле келе санаулыларының қалғаны да рас.

Ертеректе Жамбыл облысының Мойынқұм ауданында тұрғанымда 90-шы жылдардың ортасына таман Шу ауданының Оразалы бағыр ауылындағы Қайнар атты жас емшінің есімі ел арасында кеңінен естіле бастады. Оның құмалақ ашылып, алдына барған науқас жанның ауруының түрін дәлме-дәл тауып қана қоймай, отбасы және қызметі жайлы да тура айтып беретінін тамсана сөз ететін.

Өткен жылдары Шу қаласының тұрғыны Нұр-қасым деген інішекпен дидарласқанымда Ол:

— 7-8 жыл бұрынырақ Қордай ауылында Алманияға көшкен неміс ағайындардан үй сатып алған едік. Көп ұзамай әйелім, бала-шағам түгелдей ауырып, қызметімнен де береке кете бастады. Қордай ауданында тұратын бір тәуіпке барған едім. Ол иелері сатқан соң үйді дұғалап кеткенін айтты. Бірақ сол қара ниетті дұғаны ол шеше алмады. Көрер жарығымыз таусылмапты, Қайнарға келіп жанымыз қалды,— деп сыр ашқан болатын.

Өткен жылдың жазында мектептес досым, Баласағұн ауылының тұрғыны Төрәкүл Әлханұлымен Оразалы батыр ауылына ат басын бұрып, Қайнарға сәлемдесуіміздің сәті түскен еді. Төкең сүйікті қызы Айнұры көптен бері жұмысқа орналаса алмай жүргендіктен, анық-қанығын білгісі келіп құмалақ аштырды. Сонда Қайнардың көп ұзамай Айнұрдың жақсы қызметке орналасатынын естірткенінің куәсі болдым. Расында да 1 — 2 ай өтпей-ақ “Азат” газетінің бас редакторы Батырхан Дәрімбет мырзаның ағалық көмегімен Айнұр Төрәкүлқызы редакцияға қызметке орналасып, қазір жұмысын жап-жақсы атқаруда.

2001 жылдың наурызында қарындастарым — Айгүл, Жұмакүл және жұбайым Зиякүл Оразалы батыр ауылына аттанарда мен (Мәкен Уақтегі) қаржы қиыншылығына байланысты шығара алмай жүрген кітабым жарылы білгім келіп, жеке түскен суретімді беріп жіберген едім, Қайнар кітапты мамырдың соңында шығатынын кесіп айтқан.

Шындығында “Қайрат және Желтоқсан көтерілісі” кітапшасы “Мұстафа Шоқай” қорының президенті Батырхан Дәрімбеттің демеушілік көмегімен 24 мамырда жарық көрді. Осындай-осындай, басқа

да нақтылы деректерге сүйеніп, ата-бабаларымыздың бойында ежелден қалыптасқан емшілікпен қатар көріпкел-болжағыштық қасиеттерімен дараланған Қайнар інімізге Жаратқан Иеміз сыйлаған халық игілігі жолындағы ізгі ілімдерін қалың көпшілікке таныстыру мақсатымен осы кітапты шығаруды жөн көрдім.

1 бөлім

ҚАЙСАР ҚАЙНАР

Халқымыздың төбе биі — қасиетті Төле бабамыздың отаны — Шу ауданының көрнекті де көрікті жеріне орналасқан Оразалы батыр ауылында 1972 жылы 13 мамырда дүниеге келген Қайнар Бәйдібек атамыздың ұлы Жарықшақтың ұрпағы — Дулаттың үшінші баласы Ботбайдан тараған Құдайғұл (Бес-торсық) руынан.

Әкесі Каналбек Тәсібекұлы жастайынан осы өңірде ауылдық кеңес хатшысы, мал маманы сияқты қызметтермен қоса әр түрлі жұмыстар атқарған. Канекен 1990 жылы ауыр науқастан 49 жасында қайтыс болған.

Қайнардың анасы Шыруанкүл де зейнеткерлікке шыққанша тыным таппай шаруашылықта сан-салалы жұмыстар істеген. Бүгінде 63-те. 4 ұл, 4 қызды дүниеге әкелген ынтымағы жарасқан үлкен отбасындағы алтыншы ұл — Қайнар кішіпейіл де көпшіл болып ержеткен еді.

Атасы Тәсібек кезінде осы ауылдың жұртшылығын имандылыққа ұйыстырған атақты имамы болған.

Тәсібектің анасы Ұлбас әженің аймаққа танымал көріпкел-емші ретінде аты шыққан. Жүре алмайтын халдегі науқастары ауыр жандарға ол кісіні арнайы

жегілген қос атты арбамен апарады екен. Көнекөз қариялардың айтуынша Ұлбас әже қос атты арбаның қай кезде келетінін ешкім хабарламаса да өзі алдын-ала біліп, киініп дайын отырған...

Осыдан 80 жылдай бұрын Ұлбас апамыз өзінің қайтыс болатын күнін алдын-ала біліп, жуынып-шайынып, дәретін алып, шашын өргізіп, тап-таза киініп, тойға баратын адамдай дайындалған. Кіші баласы Қасымбек жолаушылап кеткен екен, қайта-қайта жолға қарап, балам кешікті-ау, келмеді-ау деп өкінеді. Жақын маңдағы туыстарды жинап, өзінің дүниеден өтетінін айтып, халықты имандылыққа, ынтымаққа үндеп, ұлағатты да, тәлім-тәрбиелі сөздерін естіртіп, ағайындарына соңғы батасын беріп, қоштасып, жайбарақат жантайып жатып бақилыққа аттанып жүре берген.

Содан Ұлбас әженің көрін қазуға 4 жігіт кіріседі. Төрт бұрышты шұңқырын қазып, енді денесі қойылатын іргедегі үйін үңгіп біткен кезде көрдің іші кенеттен жап-жарық болып кетіп, әлгі жігіттердің бірінің қатты қорыққанынан тілі байланып қалған екен.

Бұндай ғажайып кереметке ауылдағылар таңтамаша да аң-таң күйде болғандықтан сол өңірдің зерделі молдасы жанған шырақты Ұлбас әженің ерекше қасиеті деп түсіндірген...

Қайнардың өксікті-өкінішпен еске алғаны:

— Алғашында оң аяғым жансызданғаннан жүруіме қиыншылық туып, оған қоса белім де ауыра бастаған соң жыл бойы ауданымыздың дәрігерлеріне көріндім. Әрқайсысы әр түрлі диагноз қойып, әр түрлі ем қолданды. Еш нәтиже шығара алмаған соң олар Бішкек немесе Алматыдағы дәрігерлерге қарал деп кеңес берді.

Солардың айтқанымен әкем Каналбек мені Бішкекке апарып, республикалық аурухананың нейрохирургия бөлімінің бас дәрігері, профессор Метәли Мамытовтың (қазір Қырғыз Республикасы Денсаулық сақтау министрі) қабылдауында болдық.

Ол кісі диагностикалық орталыққа жіберіп тексеріп:

— Омыртқандағы жұлынның сыртқы қабатында ісік бар. Оны тек хирургиялық жолмен жеделдете алып тастамаса өсе келе жоғары жылжып, миға жетуі мүмкін. Миға жеткен соң операция жасай алмаймыз. Тез арада операцияға жатқызу керек, — деп шешті.

1988 жылдың 14 желтоқсанында пышаққа түстім. 6 сағатқа созылған күрделі операциядан екі күннен соң әрең ояндым. Сол күндері көргенім түс пе, әлде елес пе түсіне алмадым. Түс пе деп отырғаным, сандырақтап өзіме келіп есімді жия бастағанымда қалып қойдым деп алас-ұрып ояныппын. Сондағы көргендерім: үлкен алқапты бөліп көлденең орналасқан көк тіреген биік таулардың ортасында жол. Таудың арғы беті жарық, жап-жасыл. Жеміс ағаштары жайқалып, мөп-мөлдір су айдыны күнмен шағылысады. Сан алуан құстар ұшып-қонуда.

Қара көлеңкелеу бергі бетте жағымсыз иіс, үйінді-үйінді қоқыс, өлекселер мен адамдардың бас сүйектері шашылып жатыр. Тұман басқандай көмескі көрінеді. Бір кезде жылжып бара жатқан поезды көзім шалды. Әр вагоннан біреуді іздегендей боламын. Жаңа вагонның сыртындағы “Шу өңірі” деген жазуды оқып, мені осы вагонға мінгізіп жіберіңіздер. Қалып қойдым ғой, — деп өз-өзіме келе алмай, едәуір уақыт сандырақтап жатып ояндым...

Кейіннен дәрігерлерден білгенім, клиникалық өлімді басымнан өткеріппін. Толықтырып айтсам, тозақ пен жұмақты өз көзіммен көріп, о дүниенің табалдырығын аттар сәтте, тартар дәм-тұзым әлі таусыла қоймапты. Жарық дүниеге қайта оралдым. Менің маңдайыма жазылғандай бұл өмірде көретін жан азабым әлі алда екен. Ең білікті де білімді деген профессорлардың бел омыртқамның арасындағы жұлыныма жасаған операциясы сәтсіз аяқталып, аяқтарым жансызданып қалды.

Аттай 9 ай төсекке таңылып, көзім жәудіреп ауруханада жаттым.

Құдайдың құдіреті шығар, Бішкекке екі аяғыммен барып, жүре алмайтын 1-топ мүгедегі болып оралдым... Қарап жатпай, емшілерден шарапат-көмек іздедім. 1991 жылы Меркідегі Өтіркүл Баялиеваға бардым.

Сол жылы Тараздағы Бектұр Мыңбаевқа жолыққанымда:

— Құдай жолына түс, намаз оқы, жас балаларды емде, — деді. Анама да намаз оқуға кеңес беріп, менің денсаулығымның кілті қолында екенін ашық айтты. Екі жылдай жасырынып намаз оқыдым.

1993 жылы Кентаудан Жайна деген емші келіп, алдына барғанымда:

— Өзіңе көріпкелдік пен құмалақшылық дарыған қасиетті кісі екенсің, — деп білгірлік танытты. Алғашында ұялып жүрдім. Кейінірек әруақты аталардың басына түнедім. Сыпатай батыр, Қарахан, Айша бибіге тәу еттім.

Жайнаның шәкірті Әйгерім әпке 1993 жылы Түркістандағы қасиетті жерлерді аралатты. Арыстан Бабқа апарды. Әруақты ата-бабалардың рухтары желеп-жебеді ме, қиыншылыққа мойымай, шыбын

жанына шипа іздеп келген жандарды шамам жеткенше емдеуді қолға ала бастадым. Жаратқан Иеміздің жәрдемі болу керек, жастайымнан аян алып тұрамын. 1990 жылы анама:

— Қазір көп кісілер келеді, қайтеміз, — дегенімде ол кісі сенбеді. Айтқандай, қатты ауырған әкемді 3-4 кісі көлікпен қаумалап алып келді. Өкініштісі, әкей сол аурудан тұрмады ғой...

1995 жылы Шу аудандық ауруханада хирург қызметін атқарған Өмірхан Байдарбеков деген ағайдың әкесі келген. Қарияға:

— Жақын уақытта Өмекең қызметіне орай кудалауға ұшырап, қиыншылыққа тап болады. Бірақ одан аман-есен құтылып, қызметі жоғарылайды, — дегенмін. Айтқандарым расқа айналып, Ө.Байдарбековтың жасаған бір операциясы сәтсіз аяқталып, кісі өліміне соқтырады. Едәуір уақыт басы дау-дамайда қалып, әупірімдеп құтылады. Дегенмен бір-екі жыл өтпей қызметі өсіп, аудандық аурухананың бас дәрігерлік қызметіне жоғарылайды. Бүгінде Өмірхан Байдарбеков Жамбыл облыстық Денсаулық сақтау басқармасы бастығының бірінші орынбасары.

Шу қаласынан В. ПАК деген хирург жұмыссыз жүріп, маған келген болатын. Көп кешікпей қызметке орналасатынын айтқанмын. Ол сеніңкіремей кеткенді. 2 айға жетер-жетпестен жұмысқа орналасып, арнайы келіп, алғыс айтып кетті. Өткен жылдың жазында Белбасар ауылының мектеп бітіретін жас-өспірімі суға кетіп табылмады. Лажсыздан туыстары үміт артып маған келді. Мен оларға жұмада табылады дедім. Шындығында баланың денесі жұма күні су бетіне шықты. Сондай-ақ қастандықпен өлтіріліп,

елсіз жерлерге көмілген адамдардың да денелерін табуға жәрдемдестім. Осындай жайларға орай, заң орындарының қызметкерлері де көмек сұрап келуде. Көптеген көз тиген балаларды да ажалдан арашалап қалдым. Жоғары білімді дәрігерлердің өздері де астыртын түрде келуге мәжбүр болуда.

Мына қайғылы оқиғаны ұмыта алар емеспін. Қай жылы екені есімде жоқ, жаздың тамылжыған жай-машуақ күндерінің бірінде кешке қарай Бірлікүстем ауылынан Біржан есімді жігіт досымен келіп:

— Қызметім мен болашағым жайлы айтып бересіз бе? — деп сұрады. Біржанға құмалақ ашып отырып, өткеннен көбірек қайталаумен болдым. Ертеңін айттайын десем 36 сағаттан басқа ештеңе көре алмадым.

— Алдында 36 сағатта қауіпті қатер бар. Қызметте болсын, жолда болсын абайлап, сақ жүріңіз, — деп аяқтадым. Ол күліп маған қарады да, сағатына көз салып:

— 36 сағат дейсіз бе? — деп үйден шығып кете барды. Қолымдағы сағатқа қарасам кешкі сағат сегіз екен. Сол кеткеннен соң бір сәткеден кейін ертеңгі сегізде, түп-тура 36 сағат өтер-өтпестен Біржанның жол апатынан қайтыс болғанын кейінірек келген туыстары айтты. Ата-анасына 60 жылдық той жасамақшы ниетпен ары-бері шапқылап, түнімен ұйықтамай ауылға жақындағанда қалғып кетіп, автокөлігімен аударылыпты...

Аталарымыз “жауынмен жер көгерер, алғыспен ер көгерер” деп бекер айтпапты. Көпшіліктің ыстық тілегі періштенің құлағына шалынды ма, 2002 жылы қарашада Меркінің іргесіндегі Аспара ауылының аруы Ақлимамен көңіліміз жарасып, отау құрып шаңырақ көтердім.

Бұл орайда жастардың шаңырақ көтерген қуаныштарының құрметіне әрі келін Ақлимаға:

Жақсы жар

Жақсы жар —
Жанның азығы,
Жоғынды жаттан жасырар —
Тірлігіңнің алтын қазығы,
Барыңның нарқын асырар.
Ырыздығыңды жинайды,
Жатқанда жөнсіз шашылып.
Береке-ырыс сыйлайды.
Құт босағаңа бас ұрып,
Ізетпен, еппен құрсанып,
Шығарар жұртқа атыңды.
Онымен өткен күн-сауық,
Қара су ішсең татымды.
Шала ұйқы, дәйім шала мас,
Мін көрер қарап жатуды.
Жүрегі жаны қаламас,
Езіліп мұңға батуды.
Бір қалып алыс-жақынмен,
Шалдығып кей сәт шаршасын.
Аяққа жығар ақылмен,
Өштескен дәйдің баршасын.

Бірліктің отын жағар ол,
Білместей мойып жасуды.
Сездірмей іштен бағар ол,
Қабағың менен қасыңды.
Бәйек боп ауру, сауыңа,
Іс түссе басқа тарылмас.
Қастасқан ата жауына,
Қамалдай берік алынбас.
Балтырың сыздап,
Бас қатып,
Түскенде тағдыр тезіне —
Бейнет-сорыңа тас батып,
Айналар қайың безіне.
Бақыттың қайнар бұлағы
Екіұдай шақта түңілмей,
Бейне бір үміт шырағы —
Жақсы жар — діл мен дініңдей!—

деп арнағандай Кәдірбек Амангелдиев ағамыздың жазып кеткен ақ баталы жыр жолдарын еске алсақ артық болмас (автордан).

Анасы – Тәсібекова Шыруанкүл

Қайнар кішкентайынан тілалғыш, маған жаны ашып, менің тынымсыз тірліктерімнің бәріне көмектесетін. Не істесе де істеген ісі орнықты, тындырымды. Мектепте де өте жақсы оқыды. Өте бауырмал, кішіпейіл болып ержетті. Гүл өсіргенді жақсы көретін. Қазірде де тазалықты ерекше қадірлейді.

Кейбіреулер Қайнардың сүйкімділігіне, атқарған істеріне өте таңқалатын. Содан балама тіл-көз тиді ме, білмеймін. 10 класс оқып жүргенде бір аяғы ауырып, Бішкектің ауруханасына алып бардық. Дәрігерлер аяғын рентгенге түсіріп, тез арада операция жасамасақ, балаңыз өліп қалуы мүмкін. Жұлынында ісік бар деді.

Сонымен, 1988 жылдың желтоқсанында операция жасалды. Операциядан кейін ауруханада 9 ай төсекте тапжылмай жатты. Баламды күтіп, ас-суын беріп қасында мен жаттым. Несін айтайын, басымыздан талай қиыншылықтар өтті ғой. Сол нейрохирургия бөлімінде жатқанның өзі үрей тудыратын.

Көбіне орнынан тұрмайтындар, бастарына операция жасалғандар, жастар мен жасөспірімдер. Күн көрмей, таза ауа жұтпай күнделікті түрліше ем-домға төтеп, ауырған сәттерде маған білдірмеуге тырысып, тістеніп шыдап бақты емес пе?! Сол тоғыз айдың бастапқы кезеңдерінде емдеуші дәрігерлерде Қайнар өліп қалады-ау деген күдік ұялапты. Оны кейін өздері естіртті. Біз болсақ бір Аллаға сеніп, өлім туралы

ойлаған жоқпыз. Көз жасымызды Құдай көрді-ау деймін, шүкіршілік етемін, балам аман қалды...

Үйге келген соң тәуіптерге қарала бастадық. Тараздағы Бектұр атаға барғанымызда ол кісі Қайнарға:

– Сенде көріпкелдік қасиет бар, сырқаттарға емшілік жаса, – деп батасын берді. Бұл қасиет Қайнардың әжесінде болған. Ал атамыз осы өңірдің имамы еді. Үйімізде ауылдың тұрғындары жиналып жұма, тарауық намаздарын оқитын. Менің жолдасым қызмет істеген кісі. 1990 жылы 49 жасында дүниеден озды.

Мен Жауғаш батырдан тараған Онбай атаның баласы Зейнеқұлдың қызымын. Руым қоралас. 4 ұл, 4 қызым бар. Бәрі мектепте жақсы оқып, үлгілі тәртіптерімен көзге түсуде. Барлығы оқу бітіріп, жанұялы, жеке шаңырақ көтерген. Өзім Қайнар мен келінім Ақлиманың қолындамын. Тек Төлебек деген кенжем әлі үйленген жоқ...

Жамбыл облысындағы Байзақ ауданының белгілі ақыны Қайыпназар Шотбасовтың “Ана” атты өлеңіне назар салыңызшы:

Ана

Бір тамшы қан адам болып жаралар,
Осылайша өмір қайта жаңарар.
Адам Ата әулетіне жан берген,
Тіршіліктің түп-тамыры аналар.

Өзі нәзік, өзі мықты, өзі ұлы,
Ерекше бұл аналардың сезімі.
Түйір қанды адам қылып жаратқан,
Дәл солардың махаббаты, төзімі.

Көкірегі кәусар бұлақ сияқты,
Теңдесі жоқ алып күш ол қуатты.
Көз жіберіп кең дүние төріне,
Көргенім жоқ мейіріміндей шуақты.

Өздерінен бастау алып бүгін дем,
Өздері тек ырыс, бағым, құтыммен.
Бойымызға адамшылық қасиет,
Сіңген, ана, сенің аппақ сүтіңмен.

Бірің көркем, бірің дана, бірің кең,
Ару ана, бірің асыл біріңнен.
Ұрпақтарды жалғап келген түбірден,
Тек сендерге бас иемін бүгін мен! —

деп шын жүректен жарып шыққан жыр жолдары
Қайнардай халықтың қайсар ұлын дүниеге әкеліп,
тағдыр қиыншылығына мойынсұнбай, жеңе білген
Шыруанкүл Зейнеқұлқызындай ақ жаулықты анаға
арналғандай.

Тәсібеков Қайнар Каналбекұлы

1979 – 80 оқу жылында Ы.Алтынсарин атындағы сегіз жылдық мектептің 1 сыныбына қабылданды. 1986 – 87 оқу жылында Ы.Алтынсарин атындағы сегіз жылдық мектептің 8 сыныбын бітірді. 8 сыныпты үздік оқуымен, үлгілі тәртібімен аяқтады.

Класында командир, әділетті, шыншыл, сыпайы, достарына мейірімді, адамға жанашыр, пәндер олимпиадаларының жүлдегері болып жүрді. Ұстаздарының алдында кішіпейіл, айтқандарын бұлжытпай орындайтын. Төзімді, еңбек сүйгіш. Төзімділігін өзі ауырған кезінде де білдіріп, ауруды жеңе білді. Бұндай ерлік кез келген адамның қолынан келе бермейді.

Мен өз басым Қайнардың өте ауыр ауруды жеңуін орыс халқының ұшқышы Алексей Мересьевтің қайсарлығына ұқсатамын. Қазір оған жүру қиын болса да, бүкіл ауылдың қамқоршысы, тіреуі, демеушісі, қысылғандарға жәрдемін аямайды.

Шырын ЖҮНДИСБАЕВА,

Қайнардың ұстазы,

Ы.Алтынсарин мектебінің мұғалімі.

Қайнар менің оқушым болған

Оразалы батыр ауылындағы сегіз жылдық мектепті кілең 5-ке бітіріп, Ақсу аулына орта білім алу үшін келген, көз жанары жанып тұрған, білімге, болашаққа деген құлшынысы ерекше шәкіртімнің бейнесі көз алдымнан кетпейді.

Ескен желдей зымырап қанша уақыт өтсе де, Қайнардың жас балғын шағындағы мінез-құлқы мен кей балаң қылықтары әлі күнге дейін ұмытылмауда. Ол өте момын, тәрбиелі, сабаққа ынталы да саналы болатын. Кей күндері байқағаным, оның ішінде жасырынып өзгеше құпиялы сырлар бұғып жата-тындай, соны Қайнар сыртқа шығара алмай маза-сызданып жүргендей көрінетін.

Өзге оқушылардай балалармен алысып-жұлысып ойнамайтын, керісінше үзіліс кезінде кітап оқып отыратын. Қоңырау соғылғанда кабинеттің алдында мұғалімді, оқушыларды күтіп тұратын. Жас болса да, адам бойындағы асыл қасиеттер Қайнар Тәсібековтің бір өзінен табылып жататын. Оның салмақты, сабырлы мінезі әркімге үлгі еді. Басқаларға мақтана алатындай айрықша қасиеті — барлық пәндерден өте жақсы оқитын. Мектепті алтын медальмен бітіре алатындай мүмкіндігі бола тұрып, соңғы қоңырауға небәрі 6 ай қалғанда Қайнар ауыр науқасқа душар болды...

Шәкіртіміздің үлгілі тәртібі мен озық үлгерімін ескеріп, Баласағұн атындағы орта мектептің сол кездегі директоры, бүгінде арамызда жоқ, жаны жайсаң азамат — Рақыш Дауымбақов аудандық білім басқармасының басшыларына қайта-қайта шапқылаумен Ә.Тәсібековке он жылдықты жақсы бітірді деген аттестатты толтырып, оның өзі арнайы барып құжатты туыстарының ортасында Қайнарға салтанатпен тапсырғанын әлі ұмытқан жоқпыз.

Меруерт АШАМАЕВА,
*Баласағұн атындағы орта
мектептің мұғалімі,
Қайнардың ұстазы.*

Оғаш қылығымыз үшін әлі күнге дейін ұялып жүрміз...

Тентектеу балалар үзіліс сәттерінде асыр салып бір-бірімен жағаласып-жұлқысып, тіптен қыздарды жанай-үйкеліп тиіскілері келгендерінде Қайнар сабырлы, моп-момақан қозыдай қалпында отыратын. Оның назары тек оқуға, білімге ғана бағытталатын. Ол зейінді де зерделі қабілетімен ерекшеленетін. Біз оның осындай қасиеттеріне қызығатынбыз.

Әлі есімде мектеп бітіретін жылы Қайнардың жүріс-тұрысы өзгеріп, бір аяғын сүйретіп, ақсандай бастады. Ол кезде мән-жайды ұға бермейтін балауса бала болғандықтан адамның ар-намыс ожданы дегеннен бейхабар едік қой. Қайнардың айтарлықтай сырқаттанып жүргенін қаперімізге алмай бір күні құрбым Кентай Бекназарова екеуіміз оның сыныпқа ақсай-сүйретіле кіргенін көріп, шайтан түрткендей ішек-сілеміз қатып қарқылдап күлген едік. “Құланның қашуына, мылтықтың атылуы” дөп келгендей, Қайнардың ар-намысы мен шамына тидік пе немесе аяқтарының сырқатының асқынғанының да әсерінен болу керек, сол күннен бастап ол мектепке келмеді...

Сондағы оғаш қылығымыз есімізге түссе, Кентай екеуіміз кірерге тесік таппай ұялып, беттерімізден оттарымыз шығады. Қайнардың мектепті бітірмей

кетуіне кінәлі әрдайым біз сияқты болып тұрамыз. Ал, Қайнар болса сендер сондайсыңдар деп бізді әлі күнге дейін кінәлап немесе ғайбаттаған емес. Осының өзі оның жан-дүниесінің кіршіксіз тазалығын, қарапайым да парасатты жан екендігін танытады. Қайнардың барлық ауыртпалық пен қиыншылықты жеңе біліп, елімізге танымал халық емшісі деген құрметке бөленгені біз үшін қуаныш әрі мақтаныш.

Жұмакүл ТӨЛЕНДИЕВА.

Шу ауданы,

Ақсу ауылы.

Қайырымды көмегі әрқашан әзір

Тәсібеков Қайнар Каналбекұлы – Шу ауданындағы Оразалы батыр ауылының тұрғыны. Елге сыйлы, халық құрмет тұтатын азамат. Қайнар жастайынан емші, көріпкелдік қасиетімен танымал болды. Тек Оразалы батыр ауылы емес, көрші Қырғызстан мен Қазақстанның әр облысынан, тіпті Ресейден жанына шипа іздеп (әр ұлт өкілдері) келгендердің алғыстарын айтып, көтеріңкі көңілмен қоштасып жатқандарын өзім күнде көріп те, естіп те жүремін. Қашан барсаң елдің кезек күтіп тұрғаны. Ауылымыз аудан орталығынан шалғай болғанымен, жұртшылық күні-түні Қайнарға қаралуға ағылуда.

Халық құрметіне бөленген емші, алдына бара қалсақ жылы қабылдап, күліп отырғаны. Өнегелі-үлгілі жанұядан шыққан, жұбайы Ақлима екеуі, анасы Шыруанкүл апайдың көңіліне, қабағына қарап отырғаны. Қайнар қай кезде болмасын жағдайы төмен, көп балалы отбасыларына қайырымды көмегін аямауда. Ауылдың жолын жөндеуге аймақтың әкімі ретінде көмек сұрап бара қалсам да, демеуші болып, азаматтық танытуда. Облыс орталығындағы Әулие-Ата мешітінің құрылысына да қаржылай көмек көрсетті. Қайнардай дархан жанды азаматтан ауыл ғана емес, аудан, қала берді облыс жастарының үлгі алулары керек. Қайнардың өмір жасы ұзақ болып, келін Ақлимамен бақытты да бақуатты ғұмыр кешсін демекпін!

Талғат ҚАЛҚАНБАЙҰЛЫ.

Ақсу ауылдық округінің әкімі.

2 бөлім

АҚ ТІЛЕКТІ АЛҒЫСТАР

Өзімді-өзім түсіне алмадым. Алдында аз-аздап ішіп жүргенмін. Бірте-бірте көбірек ұрттай бастадым. Ертеңгісін ұйқыдан оянғанымда 100 грамм ішкім келіп тұрады. Бір ішкен соң жалғаса береді. Ертеңіне тағы да ішу, оның ертеңіне бас жазу, тағы да, тағы...

Барар жерім, басар тауым қалмады. Құрдымға кетіп бара жаттым. Таныстарым Оразалы батыр ауылындағы емшіге баруға кеңес берді. Қайнарға кешкілікте жеттім. Бәрін жасырмай айтып едім, ол маған біреудің араққа дұға оқып бергенін естіртті.

Дем салып, қарап болған соң, 100 грамм арақ іш деді. Ауылға қайтар жолда іштім. Үйге жеткенше ұйықтап тұрғанымда, денем жеңілденіп жақсы болып қалды. Бірақ ертеңгісін оянғанымда үрейленіп, аяқ-қолыммен қоса барлық денем дірілдеп кетті. Келесі күні түске таман Қайнардың үйіне жақындағанымда да, емделіп шыққан соң да үсті-басым малмандай су болып терледім. Денем өте жеңілденіп, сергіп қалдым. Келесі келгенде емші сабын, бір қорап шай, 2 литр қайнаған су, 3 литр өлі су және адыраспан шөбін алып келуімді ескертті.

Бас-аяғы екі аптадай Қайнардан ем қабылдадым. Аяқ-қолымның дірілдеуі де, үрей мен қорқыныш та сап басылды. Ұйқым да тынышталып, көңіл-күйім едәуір жақсарды. Арақ ішпек тұрмақ, тіптен оны

ойламаймын да. Енді өмір бойы ішпеймін деген ниеттемін.

Қайнарға Құдай қуат берсін! Тек жақсылық болсын.

К.Т.М.

Төле би ауылы,

Шу адуаны.

1997 жылғы сәуір .

Қымбатты Қайнар!

Сізге денсаулық, баянды бақыт, мөлдір махаббат тілеймін. Бізге сәтін салса Алла Тағала сізге де шапағатын төксін! Аяғыңыз тез жазылсын. Өзіңізге айтылған ақ тілектер періште құлағына шалынсын.

Биік таудың басында ақ қар,

Көңіліңіз сондай ақ болсын.

Одан төмен түссең ну орман,

Достарың сондай көп болсын.

Тағы төмен түссең ұзақ жол жатыр,

Өміріңіз сондай ұзақ болсын!

“Жазым аяқ асты” демекші поезда келе жатып ұйықтап кетіппін. Түсімде үш үлкен қара ит мені талап қып-қызыл қанға бояп тастапты. Қатты айқайлаймын, ешкім көмекке келмейді. Есімді жисам, ауылда келе жатырмын. Сөйлей алмаймын.

Міне, үшінші күн ем қабылдаудамын. Көңіл-күйім жақсы. Біріншіден Аллаға, екіншіден Қайнар, сізге сеніп келгенмін. Рахмет! Әсіресе күліп қарсы алғанына анам қатты қуанып жүр. Әттең үйленемін десең, өзім-ақ келісер едім (қалжың). Бір күні әкемді әкелемін емдетуге, әзірге сау бол!

Марал ТЫНЫШҚҰЛҚЫЗЫ.

Абай ауылы,

Шу ауданы,

22 қараша, 1998 жыл.

Мен әрдайым қызметім ауысарда Қайнарға келіп, бағыт-бағдар аламын. Айтқаны дәлме-дәл келіп қызметім өсуде. Атап-атап айтсам:

1997 жылы Приозерск қаласынан Ақмолаға ауыссам қайтеді деп едім:

— Асықпа. 4 – 5 ай шамасында қызметің оңтүстікке ауысады, – деген еді Қайнар. Түп-тура 5-ші айда қызмет бабымен Отар стансасының маңындағы Гвардейск қалашығына қоныс аудардым. Жұмысым жақсы, дән ризамын.

Кейіннен келгенімде Қайнар Каналбекұлы балаларыңның да қызметі өседі деген еді. Бұл жолы да айтқандары айнымай дәл келді. Үлкен ұлым жоғары шенді офицер. Қызым дивизиядағы кадр бөлімінде қызметте.

Мен Қайнарды сыйлаймын, сенемін. Оған әрқашан денсаулық, бақыт тілеймін. Қайнардың алдына 8 рет келдім... Оның болжаған бағытымен өмір сүргім келеді. Өйткені айтқандарының бәрі дұрыс.

Тыныштық РОЗАХОВА.

*Әскери-тергеу басқармасының қызметкері,
прапорщик.*

1 желтоқсан, 1998 жыл.

Құрметті Қайнар! Айналайын, сізге көп-көп рахмет! Ішкі істер бөлімінде қызмет ететін қызым Айнұр Солтыбаеваның бүйрегі қатты ауырып, екі жылдай бұрын өзіңізге келіп емделген еді. 7 мәрте қаралған соң, құлан-таза айықты.

Кейінірек, басы мен бүйрегі ауырып дәрігерлерден еш көмек болмаған жолдасым шындығын айтқанда сенбей келіп еді. 3 рет көрінген соң ол да сырқаттарынан жазылды.

Қайнар, жасың ұзақ болсын! Бақытты семьяның бірі бол. Аңсаған арманыңа жете бер. Елдің батасымен көгер, жарығым!

Солтыбаевтар әулеті.

Шоқпар стансасы,

Шу ауданы.

10 желтоқсан, 1998 жыл.

Көптен балалары болмай жүрген қызым мен күйеу балам 1998 жылы Қайнардың қабылдауында болған еді. Бір жыл өтер-өтпестен қызым аман-есен босанып, қыз туды.

Нәрестенің атасы Аляж.

* * *

Балаларымыз болмағандықтан 1997 жылы Қайнарға келген едік. Ол төрт жарым жылдан соң ұлды боласындар деді. Алғашында бір жылдан асқанда қыз асырап алдық. Түп-тура 3 жылдан соң ұл тудым. Ұлымның денсаулығы жақсы. Біз Қайнар бауырымызға өлшеусіз алғыс айтамыз.

Эльман.

Жаңа жол ауылы.

Қайнар інім, жасың ұзақ болып, аяғыңнан нық тұрып, жүріп кет. Шын ниетім мен ризашылығымды білдіремін. Саған келгеннен кейін қолымның жарасы жазылып, ауырғаны басылды. Күндегі тіршілігімді істеп жүрмін. Көптен-көп рахмет, ойлаған мақсатыңа жет, бақытты бол!

Баян СЕЙІТЖАНОВА.

Оразалы батыр ауылы.

Мамыр, 1997 жыл.

* * *

Қайнар, саған айтар тілегім өмір жасың ұзақ болсын! Сенің алдыңа келген соң қызым жазылып, ел қатарына қосылғанына қуанып, рахметімді айтамын.

Айжан, қызым Гүлбағда.

1998 жыл.

Қайнар інім, мен саған ризамын. Өзіңе көрінгелі хал-ахуалым жақсы, басымның ауырғаны қойды. Өз-өзімді бұрынғыдан тәуір сезінемін. Сенің жақсылығыңды еш уақытта ұмытпайын. Көп-көп рахмет! Бақытты болып, аңсаған арманыңа жетуіңе тілектеспін!

Мұхит МАЛМАҚОВ.

Көктөбе ауылы.

1998 жыл.

Бір Алладан тілеймін тілеуінді

Амансыз ба, қарағым, Қайнар інім,
Көптен бері өзіңе келе алмадым.
Сізге айтар алғысым – мың мәртебе
Тілегім сол – жүректен жыр арнадым.

Басыңызға әрқашан бақыт қонсын,
Қуанышқа, шаттыққа үйің толсын.
Алып келсін, жаңа жыл мол игілік,
Ұлы той – Наурызыңыз құтты болсын!

Алғашқы рет алдына келгенімде,
Жеңілденіп, көңілім бір ашылды.
Баурап алдың белгісіз бір сезіммен
Айтылмаған мендегі сыр айтылды.

Емің қонып бойыма, шапағатың,
Содан бері бауырым, мен өзгердім.
Берілгенім өзіңе соншалықты
Ұйықтасам да түсіме өзің кірдің.

Қайда жүрсең аман бол, айналайын,
Жаза берсем жырымды шаршамаймын.
Үйленгенде тойыңа шақыртпай-ақ,
Өзім келіп, таң атқанша ән саламын.

Қиналғанда тұрады келгім келіп,
Бір күш тартады мені өзіңізге.

Көрген мезет қаламын көңілденіп
Бір Алладан тілеймін тілеуінді!

Кей кездері ішімнен шығарушы ем,
Бірақ оны қағазға түсірмеппін.
Сіз айтқан соң, өзіңнің жәрдеміңмен
Жаздым міне, оқып бермек үшін.

Әрдайым алам ойыма,
Тұмарың менің бойымда.
Келе алмасам – көп уақыт
Бас қосайық тойында!

Елінді қалқам, қуанта бер,
Тіл-көзден лайым сақтасын.
Ал алтыным, есен-сау тұр,
Көріскенше күн жақсы!
Ата-баба әруағы
өзіңізді әркез қолдасын!
Әумин!

Салтанат АМАНБЕКҚЫЗЫ.

Мен сіздің айтуыңызбен 4 – 5 күн іздеп, жоғалған жылықымды тауып алдым.

Қадырбек.
Қырғыз Республикасы.

* * *

Қызым Сатыбалдиева Әлияның денесіне жара қаптап, зәрін жіберіп қоятын. Қайнарға келіп, ем алған соң құлан-таза жазылып, айрықша қуанышқа бөленді. Менің өзім де ауруымды түсінбедім. Ұйықтай алмайтынмын. Ем қабылдаған соң өзгеріп шыға келдім.

Бақыткүл ӘЛІМБАЕВА.
Қырғыз Республикасы.
1998 жыл.

Қайнар бауырым, саған көп-көп рахмет. Сенің көмегіңмен 5 бас малымды таптым. Және де менің етжақын бауырларымды емдегенің үшін!

Ақ жаулықты анаң мен ағайындарыңның саған деген ой-армандары орындалсын!

Қанат ЖҰМАБАЙҰЛЫ.

1998 жыл.

* * *

Қайнар! Рахмет саған! Мені және баламды шипалы қолыңмен емдегенің үшін. Саған мықты денсаулық, арманыңа жет!

ӘДІЛОВТЕР отбасы.

Белбасар ауылы.

1998 жыл.

Қайнар інім! Зор алғыс айтамын! Үлкен денсаулық тілеймін! Тезірек аяғыңнан басып, аңсаған армандарыңа жет! Елдің алғысына бөленген, жақсылық сыйлаған адам ешуақытта жаман болмайды.

“Ауру айтып келмейді” дегендей, баспаған жерім, бармаған ауруханам қалмады. Саған келгелі бері өзімді жақсы сезіне бастадым. Рахмет!

Гүлжаһан СҰЛТАНҚҰЛҚЫЗЫ.

Баласағұн ауылы,

1998 жыл.

* * *

Қайнар аға! Алдыңызға келгелі жазылып кеттім. Сізге бар жақсылықты тілей отырып, аңсаған армандарыңызға жетіңіз. Жаныңыз жаздай жайнап, көңіліңіз көктемдей құлпырып, аспаныңыз ашық болсын. Аңсаған армандарыңызға жетіңіз. Сүйгеніңізге сүрінбей қосылыңыз. Сізге көп-көп рахмет!

Бақыткүл ЖҰМАХАНҚЫЗЫ.

Көкқайнар ауылы.

Моя дочь Ободова Настя Викторовна была на приеме у Кайнара. После того стала спать ночами спокойней. Последние дни не мочится по ночам. Спасибо тебе, Кайнар!

ОБОДОВЫ.

с. Кайнар.

1998 г.

* * *

Қайнар! Саған келіп қаралғалы өзімді жақсы сезінемін. Ауырған жерлерім жазылып, емің шипа болғандай. Өзіңе айтарым:

— Еліңе елеулі, халқыңа қалаулы бол. Аяғыңнан тік басып, еліңе-халқыңа қызмет жасай бер!

Нүрипа Жақсылыққызы ЖҰМАБЕКОВА.

1998 жыл.

* * *

Қайнар! Я благодарно вам за облегчение болей, в помощи вашей моему здоровью. Дай бог вам тоже здоровья на долгие годы. Я просто надеюсь на то чудо, что мне уже лучше и на полное исцеление.

Эмма Карловна АБИХ.

1995 г.

Құрметті Қайнар!

Міне, 1998 жылдың желтоқсан айының 5-і. Біздің ем қабылдаған мерзімдеріміздің соңғы күні. Сізге отбасымыздың атынан тілейтініміз зор денсаулық пен бақыт. Әрқашанда жақсылыққа жетіңіз! Кішкентай қызымызға көп көңіл бөліп емдедіңіз. Емі қабыл болсын! Жолдасым Құралбектің де, қызымыз Әселдің де, өзімнің де денсаулықтарымыз жақсарды. Жанұямыздың жолы ашылып, сізге келгелі көп жаңалықтар мен табыстарға кенелдік. Жақын арада автокөлік сатып алдық. Інім Серіктің, сіндім Гүлсанаттың атынан да сізге мың да бір рахмет айтамын! Біздей семья құрып, бала-шағалы болыңыз! Құралбек екеумізді тойға шақыруды ұмытпаңыз!

БАЙЗАҚОВТАР әулеті,

(Благовещенка),

Қайнар ауылы,

Қордай ауданы

* * *

Қызым Аяулым сіздің еміңіздің шапағатымен жазылды. Бістық алғысымды айтамын! Жасыңызға жас, басыңызға бас қосылсын. Аяулымның жолын беріп, мен де өзіңізге қаралсам деймін.

БОХАН ҚЫЗЫ Айкен,

Белбасар ауылы.

9. XII. 98 жыл.

Біздің от басымыз мүшелері сенің жасаған еміңе, айтқандарыңа әбден сенеді. Ауыра қалсақ, келетініміз осы жер.

Өткен жылы 4 айлық қызымыз ауырып сенің еміңнен жазылып кетті. Жолдасым Нұрзат жүргізуші куәлігін жоғалтып, өзіңнің айтқандарың тура келіп, ойда жоқ жерден тауып алды.

Өзімнің көптен бері басым мен жүйкем айтарлықтай ауырып, едәуір қиналғанмын. Ақ ниетті шапағатыңмен әлгі сырқаттарымнан айығып кеттім.

Біздің жанұямызда жақсы жаңалық пен оңды өзгерістер болатынын айттың. Оған сенемін. Қайнар, саған көп-көп рахмет айтып, ойлаған ойыңның іске асуына тілектеспін. Сырқат жандарды ауруларынан айықтырып, сауабын ала бер. Жарық дүниеге әкелген анаңа алғыс айтамыз. Балаларының қызығын көріп, немере-шөберелерінің ортасында ұзақ та қызықты өмір кеше берсін демекпін!

Анар.

16 қаңтар, 1999жыл.

Баласағұн ауылы.

Құрметті, Қайнар аға!

Мың да бір рахмет! Мен Жақыпбаев Асылбек. Өткен жылы денелеріме жара пайда болды. Асқынғандығы соншалық бетіме дейін жара қаптап, көзім көрмей қалып, өте қиналдым.

Қалай өзіңізге келіп, қарала бастаған соң екінші күні-ақ жазылуға бет алдым. Сізге сенемін. Біздің үй-ішіндегілер ризашылық білдіреді. Жараларымның түгелдей кетуі ең алдымен Құдайдың күдіреті, одан кейін еміңіздің шипасының тиюі деп ойлаймын. Жалғыз маған емес, басқаларға да, тіптен бүкіл халыққа да шипалы көмегіңіз тисе екен деймін. Анаңызға рахмет!

Ініңіз Асылбек,
26 қаңтар, 1999 жыл.
Оразалы батыр ауылы.

Қымбатту Қайнар!!!

Чын пейлимибизден сизге чоң ыраазычылығыбызды билдиребиз. Бизге окшогон далай инсандардын сообуна халдыңыз! Мындан ары да коптогон адамдарды дарылап, алкышын ала бериңиз. Кыргыз-казакта макал бар эмеспи: “Жаон менен жер көгорат, батаа менен эл көгорат” – дегендей тилеген ой-максатыңызга жетип, алтындай бапестен, багып остургөн анаңдын бактылуу чынар тереги болуңуз. Анаңыздын хакшынакой меймандостугуна, адамкерчилигине.

Чоң-чоң рахматыбызды билдиребиз. Кудайым, сизге окшогон хадырлуу адамдын бактысын ачсын!

Зейнеп, Махабат, Айна.

Қыргызстан.

1996 жыл.

Құрметті, Қайнар аға!

Мың да бір рахмет! Мен Жақыпбаев Асылбек. Өткен жылы денелеріме жара пайда болды. Асқынғандығы соншалық бетіме дейін жара қаптап, көзім көрмей қалып, өте қиналдым.

Қалай өзіңізге келіп, қарала бастаған соң екінші күні-ақ жазылуға бет алдым. Сізге сенемін. Біздің үй-ішіндегілер ризашылық білдіреді. Жараларымның түгелдей кетуі ең алдымен Құдайдың күдіреті, одан кейін еміңіздің шипасының тиюі деп ойлаймын. Жалғыз маған емес, басқаларға да, тіптен бүкіл халыққа да шипалы көмегіңіз тисе екен деймін. Анаңызға рахмет!

Ініңіз Асылбек,
26 қаңтар, 1999 жыл.
Оразалы батыр ауылы.

Қымбатту Қайнар!!!

Чын пейлимибизден сизге чоң ыраазычылығыбызды билдиребиз. Бизге окшогон далай инсандардын сообуна халдыңыз! Мындан ары да коптогон адамдарды дарылап, алкышын ала бериңиз. Кыргыз-казакта макал бар эмеспи: “Жаон менен жер көгорат, батаа менен эл көгорат” – дегендей тилеген ой-максатыңызга жетип, алтындай бапестен, багып остургөн анаңдын бактылуу чынар тереги болуңуз. Анаңыздын хакшынакой меймандостугуна, адамкерчилигине.

Чоң-чоң рахматыбызды билдиребиз. Кудайым, сизге окшогон хадырлуу адамдын бактысын ачсын!

Зейнеп, Махабат, Айна.

Қыргызстан.

1996 жыл.

Құрметті Қайнар!

Біздің семья сенің жасаған еміңе, айтқандарыңа әбден сенеміз. Ауыра қалсақ та келетініміз осы жер.

Былтыр 4 ай қызымыз ауырып, осы сенен жазылып кетті.

10 жылдан астам қанымның қысымы ойдағыдай болмай, Қазақстанның көптеген курортына барып емделдім. Еліміздің оңтүстігіндегі әулиелі де қасиетті орындарға бардым. Білгір деген тәуіптер мен емшілерден ақыл-кеңес алып, дәрілерін іштім. Бірақ, мен солардың еш қайсысына таң қалған емеспін.

Ал мына жас жігіт Қайнар Тәсібековтың ақ орамалға құмалақты шашып жіберіп, тәспіні тартып сөйлегенінде әр нәрсенің қалай болғанын көзімен көріп, қолымен қойғандай ғып айтып беретініне таң қаласың. Және айтқандары айна-қатесіз дәл келеді екен.

Бұл жігіттің бойында табиғи талант, бізге белгісіз тылсым-құпиялы күш бар сияқты. Қорытып айтқанда Қазақстандағы көріпкел-құмалақшы, асқан дарынды адам екені даусыз нәрсе.

Қазақстан халық емшілері қоғамы бұл жігіттің табиғат берген ерекше талантын жалпы халықтың тілегіне асырса өте ғанибет болар еді.

Мәми ӘБДІҚҰЛОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.

Қымбатты асыл інім Қайнар!!!

Жарылқа, Құдай, қабыл ет!

Не тілесен өзір ет!

Ең алдымен Алла, екінші өзің сенерім менің. Былтыр, шілденің ортасы еді. Сол аралықта өзімді-өзім білмей, айтарлықтай ауру халге ұшырадым. Үйдегі жолдасыма айтсам:

— Әй, әшейін, жай ғана тымау шығар, — деп көңіл аудармады. Өзім болсам күннен-күнге нашарлай бастадым.

Бір жағынан шырылдаған жас балам бар. Өте мазасыз. Жолдасыма өзің жайлы айтсам, еш көнбей, ылғи қарсы болды да тұрды.

Дегенмен, Құдай сәтін салып, өзіңнің алдына келдім. Екі мәрте көрінген соң өз-өзіме келе бастадым. Бұрынырақ жек көріп кеткен құмалағымды да қайтадан қолыма алдым. Осының бәрі-бәрі інім, сенің арқаң.

Аруақтарына сыйындым! Тоба қылдым. Саған тілерім өмірің гүлдей жайнасын! Аяғыңнан аман-есен тұрып, қатарыңның алды бол!

Бар айтарым, бірінші құдай, екінші өзіңе бас иіп, тізе бүгемін! Інім де болсаң ырысты бол!!! Шын жүректен ризамын!

Әкпең Ләззат ӘЛІМҚЫЗЫ,

Сарбұлақ ауылы

Қордай ауданы.

6 ақпан, 1999 жыл.

Кайнар! Я Вам благодарна за мое исцеление. Дай Вам бог здоровье, счастья на долгие годы и за маму заранее спасибо, я надеюсь на чудо которое вы даете на исцеление.

Спасибо! Вера Викторовна.

п. Улкен.

16.03.1999 г.

* * *

Я, Татьяна Григорьевна благодарю Вас за лечение. После Вашего лечение стала чувствовать себя хорошо, спать стало спокойнее. Дай бог Вам здоровья и долголетия. Благодарю за чудо исцеления, которое Вы делаете. Спасибо большое.

п. Улкен. Жамбылский р/н.

Алма-Атинская обл..

Мой внук Анциферов Сережа был на приеме у Кайнара. После приемов он стал себя хорошо чувствовать. Не стал кашлеть, стал спать.

Большое Вам спасибо. Дай бог Вам здоровья.

15. 06. 99г.

* * *

Мен Қайнар балама жоқ жоғалтып келдім:

— Жоғыңыз табылады, ұры ұсталады, — деген еді. Айтқанының бәрі айнымай келді. Айтып-айтпай не керек, айтарлықтай ауыртпалық желкемнен түсіп, өте жеңілденіп қалдым.

Райкүл АБДУЛЛИНА.

Шу қаласы.

Қайнар інім!

Сізге деген тілегіміз өте зор!

Сөйлей алмай жүрген қызымыздың тілі шығып,
жақсы өзгерістер басталып келе жатыр. Өте қуаныштымыз!

Бақытты семьяда сыйлы болып, шаңырағың
шайқалмасын! Құдайдан қайтсын жақсылық!

Назгүл ҰЛАНҚЫЗЫ.

Белбасар,

Еңбекші ауылы.

* * *

Аса құрметті балам, Қайнар!

Өзіңнің жылы лебіңді көрсеткеніңе көп рахмет.
Қызым алдыға келгелі жазылды. Бұрынғы қалпына
келді. Көзі жасаурап, ерні бір жағына бейімделген.
Қазір бәрі де ойдағыдай. Бақытты, бақуатты бол!

Мәруа.

Белбасар ауылы.



Қайнардың әкесі Каналбек Тәсібекұлы



Қайнардың анасы Шыруанкүл Баба түкті Шашты Өзіз кесенесінің басында



Жамал мен Орынбала апалары



Қайнардың анасы Шыруанкүл әже немерелерінің арасында



Бала Қайнар. 1986 ж.



Қайнар сыйлас ағасы Қазақстан Республикасының
Халық артисі Алтынбек Қоразбаевпен бірге



Жұптары жарасқан жас жұбайлар Қайнар мен Ақлима достарының арасында



Қайнардың ауылдағы тілеулес аналары



Қайнар қайын атасы Болатхан, қайын енесі Гүлім,
ағасы Жайлау мен жездесі Амангелді және жеңгесі
Нүрия, жары Ақлимамен бірге



Арыстан Баб кесенесінің алдында



Қасиетті Түркістанға барғанда



Суретте солдан оңға қарай: Қайнардың қарындасы Бағлан, әпкесі Нұрбағда, анасы Шыруанкүл, әпкелері Советкүл мен Гүлбағда



Қайнардың анасы Шыруанкүл, жары Ақлима мен
інісі Төлебек



Ынтымақтары жарасқан абысындар: Дилбар,
Ақлима мен Динара



Қайнар Баба түкті Шашты Әзіз кесенесінің алдында



Қайнар жиені Шоқанмен бірге табиғат аясында

Құрметті Қайнар!

Саған өмірдегі бар жақсылықты тілейміз. Әулиелер мен аруақтар сені әрқашан қолдап жүрсін!

Жассың, өмірің алда, жүріп кетесің. Өзің ғана емес, біздің де қуанарымыз анық. Өйткені көпшіліктің көңілінен шығып жатырсың, халықтың тілеуі қабыл болады! Баламыз да алдына талай келді, еш ренішсіз күліп қарсы аласың. Саған көп рахмет!

Жомарт – Толқын.

18. 08. 99ж.

* * *

Қатарым, кластасым Қайнар!

Ата-бабалар мен әулиелердің әруақтары жебеп, демеп адамдарды емдей бер. Сен жүріп кетесің. Мен сенемін. Себебі, көпшіліктің қорғаушысысың. Өзінді осы өмірге әкелген ата-анаңа рахмет! Әрқашан елге қызмет ете бер. Денсаулығың зор болсын, бақыт пен берекеге қауышқың, жаным.

Құрбың – Роза,

балалары: Нұрсұлтан, Баян.

Айналайын Қайнар!

Сізді келе жатқан мерекемен құттықтаймын!
Алла-Тағала өзіңізге қуат берсін, жарылқасын!

Ана ретінде сізге ұзақ өмір тілеп, жаратқан Иеміз жар болсын деймін! “Жақсы сөз – жарым ырыс” деген, маған қызыңыздың қызығын көресіз деп айтқаныңыз періштенің құлағына шалынсын. Зарыға күткенім де сол. Бақытты бол, балам!

Сәлеммен Жамал апайың.

20. X. 2001 жыл.

* * *

Біздің жанұямызда көптен бері бала болмады. Дәрігерден-дәрігер қоймадық. Олар бір-бірінің аузына түкіріп қойғандай, сендер балалы бола алмайсындар деп, көңілімізді жабырқатып тастады.

Біреулерден естіп, Қайнарға келдік. Небәрі бір жылдың ішінде 3 рет ем қабылдаған соң, сәбилі болып, қуанышымыз қойнымызға симады. Біздің отбасымыз Қайнарға дән риза.

Марат Сағынбайұлы ЕСЕНБАЕВ.

5-мамыр, 2003 жыл.

Мен, Тойшиева Жанат Есентайқызы тұрмысқа шыққан соң 6 жылдай бала көтере алмадым. Дәрігерлерге барсам:

– Сәбилі бола алмайсың, – деді. 2001 жылы күйеуіммен бірге Қайнарға келдік. Бірнеше рет ем алған соң 2002 жылы бала көтеріп, қыз тудым.

Күйеуім екеуіміз өте бақыттымыз. Қайнарға алғысымыз шексіз!

Тойшиева Ж. Е.

Тойшиев А. С.

24 мамыр, 2003 жыл.

* * *

Мен, Абдыбаева Бақытгүл Бішкектен Қайнарға 1996 жылы келген едім. Себебі қызым Жұлдыз талма ауруымен ауырып, қорқып шоши беретін. Бар болғаны 4 мәрте келдім. Бір жолата айығып кетті.

Жұлдыз бүгінде университеттегі оқуын тәмамдауға жақын. Жақында оның бауыры ауырып, тағы да келдік. Алғашында қызымды 14 жасында алып келсем, қазір 21-де.

Қайнар балама мың мәртебе ырзамын. Құдайым сенің тұқымынды көбейтсін. Өзің берген шипаң баршаға дәру болсын!

Әлі де бесік тойыңа келейік!

19. 12. 2004 жыл.

Шу ауданындағы Төле би ауылының тұрғыны Ләйла БАҒДӘУЛЕТҚЫЗЫ:

— Көптен бері үй-жайымыз болмай, басым ауырып, жүйкем тозып, ұйқым қашып, қызым Гүлнұр да шошымалы аурумен көптен сырқаттанып жүрген еді. Өткен жылдың қысында Қайнарға барғанбыз. Қонысымыздың да, жұмысымыздың да өзгеретінін айтқан болатын.

Шындығында да басқа үйге қоныс аударып, мен өзім жұмысқа орналастым. Тұрмысымыз да жақсара бастады.

Екі-үш мәрте ем қабылдаған соң бас ауруым мен жүйкем жазылып, ұйқым да бәз-баяғы қалпына оралды. Гүлнұрдың да денсаулығы оңалды.

Кіші қызымыз Әселдің денесіне бөртпе-есекжем шыққан еді. Әселге Қайнар ішірткі жазып беріп, тұз бен күлден ем жасаған соң, ол да тап-таза айықты. Менің таң қалатыным, 2004 жылдың 21 желтоқсанында барғанымда, емші жолдасыңыздың суретін алып келдіңіз бе деді. Расында да күйеуім Әлдіғазының жеке суретін таба алмай, жүргізуші куәлігін апармақшы болғанмын. Үйден шығарда асығып жүріп ұмытыпшын. Қайнар осыны біліп қойды.

От басымыздың атынан Қайнарға шексіз алғыс айтамыз!

“Асауан-Сахаба” кесенесінің шырақшысы Бейшен ЖҰМАСАЕВ:

— Алла-Тағаламыз аян беріп, 4 — 5 жыл бұрын Төле би ауылынан Шу қаласына шығар даңғылдың оң жақ беткейінде Пайғанбарымыз Хазіреті Мұхаммед Салла Аллаһу алейки уәсж саламның жақын достарының бірі — Асауан-Сахабаның жатқан жерін тауып, басына топырақ үйіп, қыстың қақаған аязы мен жаздың аптап ыстығына қарамастан балашағаммен вагон үйде тұрып жатырмын.

Құдайға шүкір, ақ жүректі дархан жанды азаматтардың көмегімен Асауан бабаның кесенесінің құрылысы бітуге таяу.

Өкінішке орай, кім-көрінгенге сенетін аңқаулығымды пайдаланып, Тараздан Данияр Сайлаубекұлы деген жігіт 2000 жылы келіп, көмектесемін, қолдаймын деп, менімен ақылдаспай Асауан атаның жерін өз атына жаздырып құжат алып, Тұран-Әлем банктің облыстық филиалынан есепшот ашқызады. Менің орныма өз адамын отырғызғысы келіп, Шу ауданаралық прокуроры Қ. Сейітжановтың атына маған жала жауып арыз жазады. Ол арызы дәлелденбей, тексеру жүргізген аудандық ішкі істер бөлімінің аға тергеушісі Т. Ермекбаев мені ақтап қаулы шығарады.

Данияр бұнымен шектелмей, орныма басқа шырақшы қоймақшы болып, маған таныстарын айдап салып, өміріме қастандық ұйымдастыратындай әрекеттермен айналысуда. Бабаның атындағы құжат-

әрекеттермен айналысуда. Бабаның атындағы құжаттарды беретін емес. Аудандық, облыстық сотқа шағымданғаныммен ондағылар арызымды қабылдаудан бас тартты. Әрі-сәрі халде жүріп, 2004 жылы 21 желтоқсанда Оразалы батыр ауылындағы атақты емші Қайнарға арнайы барып, құмалақ аштырған едім, ол менің ауруларымды дөп басып:

— Сіз қасиетті жерде отыр екенсіз ғой. Онда бір әулие ғана емес, оның інісі де, яғни екі бірдей өте әруақты кісілер жатыр. Өзіңізге арандатулы қастандықтар ұйымдастырылыпты. Қаскүнемділіктерден қорғап, жебеп жүрген сол жердегі әруақтар.

Құжатты басыбайлы иемденгісі келген дөкейлердің бірі қайтыс болып кетіпті ғой. (Жол апатынан қайтыс болған Ерімбет қажыны қателеспей айтты). Енді олар еш нәрсе істей алмайды. Жоғарыдан екі азамат өзіңізді әрдайым ақ ниетпен қолдауда. Қорықпаңыз, әулиелердің қорғауындасыз. Келесі жылдары құжаттарды өздері әкеліп береді, — деп, Қайнар мені едәуір қуантып қайтарды.

* * *

Жасырарым жоқ, жас күнімде ішімдікті көп ішкен едім. 1998 жылдың желтоқсанында әйелім қайтыс болды. 3 баламен қалдым. 40 жасқа жетпей Алла аян берген соң намазға жығылдым.

1999 жылы ойда жоқ жерден С... деген келіншекке үйлендім. Шынын айтсам өзім де, балаларым да көрмеген жақсылықты С... дан көрдік. Жол апатына ұшырап, одан аман қалдым. Әйелім бізді Шу қаласындағы үйіне көшіріп алды. Ол базарда сауда жасайтын. Бақытты күндеріміздің жақсы сәттері өтіп жатқан...

Бір күні басым айналып, мазам болмады. Жол апатының әсері шығар деп, мән бермедім. Келіншегім болса жоламай кетті. Базарға іздеп барсам, менен тұра қашады.

Ата-анам да барып жалынды, оларға да көнбеді. Сөйтіп, С... Алматыдан бір-ақ шықты. Дірілдеп, қалтырап ауру халде қалдым. Сәуле деген келіншек балашағаң бар ғой деп, бізге жаны ашып, бір тәуіп әйелге жіберді. Сонда ғана білдім дуа екенін. Тәуіп:

– Не тірі емессің, не өлі емессің ғой, – деді. 7 күн оқыды. 8-інші күні дірілдеп бардым. Емші әйел:

– Болды, қолымнан келгені осы, – деп, есігін тарс жапты.

Не істерімді білмей әбден састым.

Көршілер мен Сәуле Қайнарға бар дегені. Ертеңіне-ақ Қайнарға келдім. Қабылдау бөлмесінде кезекте отырғанмын. Бір кезде өзімді-өзім ұстай алмай, дірілдеп, қалтырап жылай бастадым.

Сонда Қайнар құшақтап. Бұл дуа қайтады. Жазылып кетесіз, келіншегіңіз де келеді деп, есімді жидырды...

Қайнар жай адам емес екен, Алла-Тағаланың құдіреті мен Қайнардың құпиялы тылсым күшін осылай таныдым. Қайнар болмағанда менің халім не күйге түсетін еді!

Жолым Қайнарға келіп ашылды. Біз Қайнарды бағалай білуіміз керек. Қайнардың келіншегі ұл туып, қуанышта жолығайық!

Жұмабек ҚАСЫМЖАНҰЛЫ.

Шу қаласы.

Балам Айбекке жүре келе зәрін тежей алмайтын кесел пайда болып, Қайнар ініме алып келгенмін. Алла-Тағалаға шүкір, Айбек алғашқы күннен бастап төсекке тамызбай өзін сергек, сенімді ұстайтын болды

Сақинамды жоғалтып, көңілім құлазып жүр еді. Қайнардың айтқанымен оны да таптым.

Адам баласының өзі де түсіне білмейтін ой түкпіріндегі бұлыңғыр да күмәнді нәрселерді айнытпай айна қатесіз, асықпай күлімсіреп отырып жеткізе білуін — үлкен құдіретті күш деп білемін.

Бет-бейнесі, имандылыққа толы жүзі — адамзаттың рухани байлығын арттыра түседі. Қайнардың құдай берген ажарының өзі жүйкесі тозған адамдардың жан-дүниесін емдейтіні айдан-анық.

Қайнардың алдына келген соң, қайтарыңда ерекше шаттық кернеп, көңілің көтеріліп, жұмысқа деген құлшынысың артып, өшпенділік сияқты жаман ойдан арыласың.

Қайнар! Саған ұзақ өмір тілей отырып, халыққа әрқашанда септігің тиіп, адам жанына шипа бола бер! — демекпін.

Алланың нұры жаусын!

Гүлжан БІЛДІБӘЕВА.

14. 01. 2005.

Мен, Гүлбақыт Бақытжанқызы 1988 жылы Арыс қаласында туылғанмын. Қазір Алматыда тұрамыз. Екі ай ауруханада емделгенмен ауруымның диагнозын таба алмады.

Қабылдамаған дәрім қалмады. Содан Шу қаласындағы Қытай Халық Республикасынан келген инемен емдейтін дәрігерге келген едік. Сол жерден сіздің атыңызды естіп, алдыңызға келдім...

Қолым қатты ысып, қақсайды, белім ауыратын, ұйықтай алмайтынмын. Сіздің еміңіздің арқасында қолымның ауырғаны қойып, ұйқым тынышталды.

Еміңізден шипа тауып, денсаулығым жақсарды. Қайнар аға! Сізге көп рахмет!

16. 01. 2005.

Алматы қаласы.

Шу ауданына ғана тән емес, бүкіл елімізде, қала берді қоғамымызда кеңінен қанат жайып өрістеген сыбайласқан жемқорлы қылмысты келеңсіздіктердің шегіне жете шарықтағаны көпшілікке мәлім, ащы шындық.

Біршама жылдардан бері осындай қауіпті індетпен өзім (Мәкен Уақтегі) тікелей күресіп жүргендіктен бағыт-бағдар алуға, әрі денсаулығым жайлы және де көрші аудандағы қарындасым мен күйеу баламның от бастарының болашағы туралы білгім келіп 2005 жылы 9 қаңтарда Қайнарға арнайы барып, құмалақ аштырған едім:

– Жақын арада айтарлықтай-айтарлықтай үш жұмыс тындырасыз (осы кітаптан басқа тағы екі кітап шығармақшы ойым бар, мүмкін солар шығар).

Өзіңіздің жазған саяси тақырыптағы мақалаңыз бойынша негізгі кейіпкердің үстінен қарайтын үкімет адамы ақ-қарасын анықтау мақсатымен әдейілеп келіп сізге жолығады. Жазылған деректердің дұрыстығына көзі жеткен соң, қолдап, кейінірек өзіңізді сыйлыққа ұсынады.

Жалпы сізді жоғарыдан бір лауазымды үкімет қызметкері әрдайым демеп жүреді.

Денсаулығыңыз жайлы көп ойлана бермейсіз. Басыңыз оқта-текте ауырады екен (ол рас). Қазір дем салып, ішірткі беремін, 3 күн ішесіз.

Тұла бойыңызды түгелдей суық ұстаған. Шипалы суы бар емдеу орындарының бірінен жазыласыз.

Қарындасыңыз бен күйеу балаңыз бір-бірімен түсінісе алмай, өкпелесіп жүр екен. Олар алыс жерге көшеді (Сәтбаев қаласына көшпекші болып өзара келісе алмай жүр). Алғашында бір пәтерде уақытша тұрып, кейінірек үй сатып алады. Үлкен балалары бірге тұрмай, сыртта қызмет етіп жүр екен ғой (жиенім Отардың маңындағы Гвардейск қалашығында әскери борышын өтеуде).

Сол бала бармаймын деп отырған әкесін жаздың ортасында көшетін, яғни, қоныс аударатын жаққа ертіп аарады. Жиеніңіз үкімет мекемелерінің біріне қолайлы қызметке орналасады.

Кейінірек олар жоғары жақтан қомақты қаражат алады, — деп Қайнар інім мені көптен бері көлеңкелі де күпті күйінде мазалап жүрген түйіндерді шешіп қана қоймай, онды бағыт-бағдар көрсетіп, көңілімді де көтеріп тастады.

Я, Пак Владимир Хенхович, врач с тридцатилетним стажем, неоднократно обращался за помощью к Кайнарбеку со своими проблемами и проблемами своих детей.

После каждого посещения возвращаемся домой с чувством облегчения и покоя. По опыту своего общения с Кайнарбеком считаю, что официальная медицина не всегда может решать вопросы лечения больных.

Такие одаренные от природы целители как Кайнарбек нужны людям.

От имени своей семьи приношу ему искреннего признательность!

12. 01. 2005.

* * *

Республикалық емшілер қоғамының басқармасында Ерасыл Әбілқасымовтың басшылығымен Тамара Хабеева т. б. 4-5 адамның жан-жақты сынақтарынан өткен Қайнарға 1998 жылы желтоқсанда №631 халық емшісінің куәлігі, Теобиопсихотерапевт деген Мемлекеттік лицензия берілген. Жүріп-тұруына айтарлықтай қиындықтар туындайтындықтан 300 шақырымдай Алматыға 1-топ мүгедегі Қайнар Каналбекұлы куәліктерінің мерзімін ұзартуға бара алмай отыр.

3 бөлім

ҚАЙНАР – ОРАЗАЛЫ БАТЫР МЕН АБЫЛАЙ ХАННЫҢ ЕЛШІСІ ЖАУҒАШ БАТЫРДЫҢ ҰРПАҒЫ

Елімізге танымал журналист, ардагер ұстаз Мәми Әбдіқұловтан анықтап сұрағанымда:

– Дулаттың бел баласы Ботбайдың Құдайғұл (Бесторсық) руынан шыққан Оразалы 1826 жылы Алматы облысының Белбұлақ деген жерде кедей шаруа Қожамжардың от басында дүниеге келген. Оразалы жас шағында орыс оязына ат бағушы болып жалданады.

Бірде қазақ-қырғыз бас қосқан үлкен тойда түйе палуанды жығып, сол мезеттен оның аты халыққа таныла бастады. 1860 жылы қазақтарға қоқандауын қоймаған Қоқан ханы Құдиярға қарсы күреске шығып, 1863 жылы Бішпекті, 1864 жылы Таразды, көп ұзамай Түркістанды азат етуге полковник Черняевтың әскеріне қосылып айтарлықтай ерлік көрсетіп, подполковник әскери шенін иеленеді.

Оразалы батыр қырғыз – Шәбден, Бәйтiк, меркiлiк – Сыпатай батыр, жаныс – қасқарау – Ноғайбаймен сыйластықты қарым-қатыста болған.

Жерлес ағайындарына Шу мен Ақсу өзенінің аралығынан тоған қаздырып, су жеткізіп, егін ектіріп,

жұртшылықты отырықшылыққа ұйыстырған. Ел арасында абыройлы беделді иеленген Оразалы батыр 1913 жылы қыс айларында 87 жасында қайтыс болды. Шағын ауыл Кеңес дәуірінің 60-ыншы жылдарына дейін Каганович ұжымшары аталып, кейіннен ондаған жылдар көршілес Калинин (Баласағұн) колхозының бөлімшесі болып қалды.

Тәуелсіздікке қол жеткен соң ғана 90-ыншы жылдардың басында ауылға Оразалы батырдың есімі берілді.

Оразалы батыр мен Қайнардың атасы Тәсібек Шотарбайұлы Ботпайдың баласы Құдайғұлдың ұрпағы Байназардан бірге туған.

Тараздық зерттеуші-жазушы Бақтияр Әбілдаұлының облыстық “Ақ жол” газетінің 1997 жылғы 3 қыркүйектегі санындағы “Абылай ханның елшісі Жауғаш батыр” атты көлемді мақаласына зер салсақ:

...Жетісуды жоңғар қалмақтары басып алып, соғыс әр жерде бір болып жатқанда қазақтар жағы бір жеңіске жетіп, жау қашқанда 1733 жылы Ақсу өзенінің жағасында қоралас Қырбастың отбасында бір ұл өмірге келген. Қазақтың ырымымен оған Жауғаш деген ат қойыпты...

Жауғаш жасөспірім шағынан-ақ өзінің әділ билігімен танылған. Әкесі Қырбаспен бірге туған Бабалының тоғыз ұлы, қыруар малы болған. Қырбастың жалғыз ұлы Жауғаш 15 жасында бір жесір дауында билік айтып, көзге түседі. Осыған орай ел арасында:

*Қырбастан туған жалғыз ұл,
Өткір қара бәкідей.
Бабалыдан туған тоғыз ұл
Жарға қонған үкідей –*

деген сөздер қалған.

Ел Жауғаштың әкесі Қырбасты батыр ретінде де таныған. Қырбас – Аңырақай соғысында үлкен ерлік көрсеткен батырлардың бірі. Жұрт арасындағы Қырбас туралы “Бас бармағы балтаның сабындай Қырбас” деген сөздің өзі де талай жайды аңғартады. Сондай алып Қырбастан туған Жауғаштың денесі де, істеген әрекеттері де, ерліктері де кесек, ірі болған.

Жауғаштың батырлығынан бұрын әділ билігімен аты ерте шыққан. Одаман байдың қызы Шырын сұлу жалшы жылқышы Шынжырмен бірге қашып кетеді. Қыз ауылының жігіттері барымтаға Шынжыр ауылының бір жігітін өлтіріп, Дана атты қызды барымтаға алады. Шырын қыз дауы осындай кісі өліміне апарған соң араға билер жүріп, дауды тоқтата алмағанда 15 жасар Жауғаш ел ағаларына, билерге төменнен сауал қояды:

– Екі жас бірін-бірі сүйгеніне айыпты ма?! – дейді Жауғаш.

– Жоқ, бұл үшін олардың ешқайсысы да айыпты емес, – дейді дауласқан жақтың билері.

– Олай болса, бір-бірін жақсы көрген қыз бен жігіттің қашуына не себеп?

– Шынжыр жігіттің Шырын қыз үшін төлейтін қалың малы жоқ. Сол үшін қашты.

– Олай болса қыздың малын Шынжыр ауылының адамдары, ағайын-туыстары төлесін, – дейді Жауғаш.

– Біз бұл билікке келісеміз, – дейді Одаман байдың өзі де, оның сөзін сөйлеген билер де.

– Одаман бай, төбелесті сіз бастадыңыз, адам өлтірдіңіз – құныкерсіз. Ер жігіттің құны – 100 жылқы, қыздың қалың малы – 47. Одаман бай, сіз қызыңыздың қалың малы үшін 47 жылқыны өзіңіз

төлейсіз, ал өлтірген жігіттің құны үшін 53 жылқыны сол өлген жігіттің үйіне тағы өзіңіз бересіз!

Міне, осы биліктен кейін-ақ Жауғаштың “өткір қара бәкідей” деген атағы шыға бастайды...

Жауғаш батыр 1748 жылдан бастап Абылай хан қаза болғанша оның қасында болып, ол бастаған барлық азаттық жорықтарына қатынасқан, ұлы-ұлы ерліктер көрсеткен. Жауғаштың сол кездегі ерліктері туралы от ауызды, көмекей әулие Бұқар жырау да талай жырлаған. Батыр Ботпай еліне есімі ұран болған Сәмен батырмен бірге екі жыл бойы Жоңғар қақпасын қазақ жауынгерлерінің сапында күзеткен. Бұл 1757 – 1759 жылдарға келеді. Жоңғарларды қуа,қыра келген қытай әскерлерімен соғыста да Жауғаштың ерлігі айтарлықтай.

Кейін Абылай сұлтан жоңғарлармен келіссөз жүргізгенде Жауғаш елшілік құрамында болған. Қытай әскерлерінің қолбасшысы Фу Дә Ташкентке келіп, Төле би мен ұлы жүз әскерлерінің қолбасшысы Қойгелді батырмен келіссөз жүргізгенде бітімшілік келісім жасауға Жауғаш батыр да қатысады.

...Батырлығы мен билік, мәмлегерлік өнері тең Жауғаштай дарынды адам Абылай заманында сирек болса керек. Жау келгенде жауға дайын, дау туғанда дауға дайын Жауғаштың елшілік ептілігі, батырлығы, айлакерлігі туралы ұрпақтары арасында сақталған әңгімелер көп. Бірде Жауғаш бастаған қазақ қолы мен қалмақтардың қалың әскері айдалада сортаң жерде кездесіп қалады. Айлакер Жауғаш өзі суы таза жерден шеп құрып, қалмақтарды сортаң жерге қамайды. Үш күн бойы соғыспай андысып жатады. Ақырында Жауғаштың айласы жүзеге асып, жоңғарлардың өздерінің де, аттарының да сортаң суынан іштері

ауырып, әлсіздіктен соғыса алмай қолға түседі. Сондай-ақ, Жауғаштың Мойынқұмдағы соғыстарында да жер жағдайын барынша пайдалана білгендігі, қазақтардың еш адамын мүмкіндігінше жараландырмай, тірі сақтап қалу жолындағы айдаларының әрқайсысы қызық-қызық әңгіме...

Қырғыз ағайындар Жауғашты өздерінің ұлттық батыры санайды. Белек Солтанов “Қызыл қырғыз тарихы” атты кітабында Жауғаштың қазақ-қырғыз арасын жарастыру жолында сіңірген айрықша еңбегін жоғары бағалайды. Жоңғарларды қазақ, қырғыз жерлерінен кууда бірге соғысқан солтоталқан елінің Қоңырбайұлы Жайыл батыры жорық кезінде жас болса да бүкіл қазақ қолының туын ұстаған Жауғашпен қанды-көйлек дос болған. Жауғаштан 21 жас үлкен Жайылдың бұл достығы кейін қазақ-қырғыз қатынасында үлкен маңыз атқарған. Өттең қазақ-жоңғар соғысында қазақтар жеңіп, жерді қайта бөлісу басталғанда ағайынды елдер арасына үлкен сызат түседі...

Мен атақты Абылай ханның елшісі – Жауғаш батырды жайдан-жай қозғап отырған жоқпын. Өйткені, Қайнардың анасы Шыруанкүл әкпей – Жауғаш батырдың тоғыз ұлдарының бірі Әуездің баласы Бұланбайдың ұрпағы Онбайдың Зейнекүл деген ұлының қызы.

Жігіттің үш жұрты бар. Өз жұрты, қайын жұрты, нағашы жұрты. Халық арасында мұны: өз жұртың – күншіл, қайын жұртың – міншіл, нағашы жұртың – сыншыл деп мәтелдейді. Яғни, “ағайының бар болсаң – көре алмайды, жоқ болсаң – бөліп бере алмайды”, “Жақсы болсаң – күндейді, жаман болсаң – жүндейді”.

Қайын жұртың қолыңның ұзындығына қарайды. Берсең — жағасың, бермесең — дауға қаласың.

Нағашы жұртың — жақсылығыңа сүйсінеді, жамандығыңа — күйінеді. Әрқашан тілеуіңді тілейді, тілеуқор болады. Бекерден-бекер айтылмаған десек те, бұл ретте Қайнарды тек нағашы жұрты ғана емес үш жұртының да айбарлы әруақтары жебеп, демеп оған тіреу болып отырғаны айтпасақ та түсінікті.

Осы кітаптың алдыңғы тарауларында аталып өткен нақтылы-нақтылы деректерге қарағанда ежелгі заманнан қалыптасқан аталарымыздың болжағыштық — жауырыншылық әрі емшілік қасиеттерін жете де білікті меңгерген орда бұзар — 30 жастан енді ғана асқан Қайнар Каналбекұлы жай ғана көптің бірі емес.

Үлкен атасы Оразалы жерлестерін жаудан қорғап қана қоймай ағайындарына қамқорлық танытып, елді отырықшылыққа баулыды.

Нағашы бабасы Жауғаш батыр Абылай ханның оң жағында жүріп, қазақ халқына ғана емес көршілес қырғыз еліне де сүйеу болғанын ешкім жоққа шығара алмайды.

Қайнар тағдырдың жазуымен 1-топ мүгедегі болып, жүре алмай қалса да төрт мүшесі сау небір білімді де сауатты деген азаматтар істей алмаған, істей алмайтын да қыруар игі істер тындыруда. Түсінетін жан табылар болса Қайнардың халық игілігі жолындағы атқарып жүрген еңбектері ұшан-теңіз. Тіптен, таңғажайып ерлікке пара-пар.

Мен мүгедекпін деп, үйде жатып қалмай, Алла - Тағаланың шарапатымен де шығар, қаншама жанды ажал тырнағынан арашалап, қаншама нәрестеге жарық дүние сыйлады. Ақ халатты абзал жандар саналатын дәрігерлерден үмітін үзген жүздеген жас

отаудың іргесінің шайқалмай, сақталып қалуына тікелей көмектесті. Яғни, бөбек сүюді армандаған жастарды жұмбақ да тылсымды талантымен емдеп, сәбилі болуларымен шаңырақтарын қуанышты шаттыққа бөлегені Қайнардан басқа біреудің қолынан келе қояр ма екен?!

Айрықша атап өтерлік жайт, Абылай ханның заманында қырғыз ағайындар Жауғаш батырға арқа сүйесе, бүгінде солардың ұрпақтары Қайнардан қайырымды да шапағатты ем қабылдауға көптеп ағылуда...

Қайнар тағдырдың ең қатал сынағынан абыроймен өтті

Бәріміз кереметтей пір тұтқан кешегі кеңес дәуірінде көп жылдары автокөлік жүргізуші болып жұмыс істеген едім. Халық шаруашылығына қажетті деген сан алуан ауыр жүктер тасимыз, тиесеміз. Уақытпен санаспай күндіз-түні малшыларға қатынадық. Осындай тынымсыз жұмыстың әсері де шығар, оның үстіне суық тигіздім бе, оқта-текте белімнің құяңы ұстап жатып қалатынмын.

1985 жылдың желтоқсанында соқыр ішегіме Мойынқұм аудандық ауруханасында операция жасаттым. 2 – 3 айдан соң жұмысқа шыққанымда оң жақ санымның жоғарғы жағы – шатым ауырып, жүруіме едәуір қиындық туғызды. Аудандағылар дәрменсіздіктен облыстық ауруханаға жолдама беріп, Таразға әупіріммен таяққа сүйеніп жеттім.

Дәрігерлер жан-тәнімен емдегілері келді-ақ. Бірақ екі айдан астам сарылып жатқаныммен оң нәтиже бермеді. Балшықпен емдейтін шипажайға да жібергілері келгенімен ауру одан сайын асқынып кетеді ме деп сеніңкіремей жүрексінді.

Төле би мен Жамбыл көшесінің қиылысына орналасқан қалалық жедел жәрдем ауруханасының нейрохирургия бөліміне жатқызылдым. Сол кездегі бөлім меңгерушісі, тәжірибелі дәрігер Петр Демдыевич Лидің жұлыннан сұйық алу, миллиграфия, дискогра-

фия іспеттес жан-жақты тексерулерінің сатыларынан асықпай өткізіп, менің ауруымның себеп-салдарын дәлме-дәл анықтағаны. Бел омыртқамның арасындағы шеміршегі (дискісі) кажалып, желініп, жалпайғандықтан аяқтарға тарайтын нерв талшықтарын қысып қалған екен...

Петр Демдыевич тек операция жасау керек деп шешті. Келіспесең мүгедек болып қаласың деп ашығын айтты. Шындығын айтсам, тексерулердің машақатынан әбден қиналдым. Омыртқаға ине тыққан мезетте жұлынға тигенде денем тігіркеніп, жаным көзіме көрінеді. Бұндайдың бірнеше сатысынан өттім.

Біздің палатада жатқан көршілес Қырғыз республикасының Талас облысынан келген түрік жігіті бәрінің сәтті аяқталуына 100 пайыз кепілдік бере алмайды деп, П.Д.Лимен келіспей, Новосибир қаласына емделуге кетті. Мойынқұм ауданынан Сағынтай деген жігіт (фамилиясы есте қалмапты) те бел омыртқасы қисайып келген еді. Құдай берген жанын өзі алады, нар тәуекел деп Сағынтай екеуіміз де операция жасатуға келістік.

1986 жылы тамыздың басында күн ерекше ысып, аспан айналып жерге түскендей еді, мені операция столына жатқызды.

3 сағаттан соң оянып, есімді жисам, реанимация бөлмесіндемін. Аузым кеберсіп, шөлден қаталап шыдай алар емеспін. Күтуші мейірбикеден су сұрап іштім. Келесі күні мені палатаға шығарды. Жерлесім Сағынтайға да жасалған операция сәтті өтті. Кейіннен анықталғаны маған оң жақ қабырғамның біреуін алып, омыртқама тіреу ете байланыстырып орнатты. Содан бір ай тапжылмай төсекте жаттық.

Бізге операция жасалғаннан кейін бірнеше күннен соң Шу ауданының Далақайнар ауылынан 20 – 25-

тердегі жап-жас неміс жігітін алып келді. Ол айдалада үш аяқты мотоцикльмен аударылып, бір тәуліктей шайтан арбаның астында жатып қалады. Бел омыртқасына зақым келген оны жеделдете Таразға жеткізеді. Бірге туған бауырдан жақын жан табылады ма? Екі бірдей әкпесі кезектесіп күндіз-түні жанынан айналып-толғанып шықпады...

Кешікпей-ақ жігітке операция жасалды. Өкініштісі, жап-жас жігіт жүру мүмкіндігінен айрылды. “Жығылған үстіне жұдырық” керімен оның үйленетін қызы да ол мүгедек болып қалды деген оймен басқа жігітке тұрмысқа шығып кеткен. Сол жігіттің атын ұмытып отырмын.

Әкпелері кезектесіп асты-үстіне түсіп бәйек болғанымен тағдыр тәлкегіне төтеп бере алмай сары уайымға салынып, бірінен соң бірі жалғасқан санаулы таңдарда кірпік ілмей, ұйқысыз аттырып, үсті-үстіне үстемелеп темекі шегіп жатты. Ешкіммен сөйлеспейді. Біз де қаншама ақыл-кеңесімізді білдіргенімізбен құлақ аспады. Тамақ та ішпеді. Ақырында бір аптаның ар жақ-бер жағында өрімдей жап-жас жігіт өзін-өзі өлтіріп тынды... Мен бұларды еске алып отырғаным бекерден-бекер емес. Тағдырдың кімнің де болсын басына салған ауыртпалығын Алла Тағаланың байқауы немесе сынағы деп, сеніммен айта аламын.

Сол кездерде кейбір таныстарым ауыр операциядан кейін мені қайтыс болуға жақындапты, енді адам болмайды деп сыпсың сөздер де таратты. Қысқа қарай қос балдақпен ауылға оралдым. Дене қимылымен айналыстым. Бұрын да спортқа бір табандау жақын едім. Жиырма жылға жуықтады, әлі күнге дейін дене шынықтыруды ұмыта қойған жоқпын. Құдайға шүкір, денсаулығым ойдағыдай. Шамам кел-

генше әлі күнге дейін, қара жұмыспен де, қоғамдық жұмыстармен де айналысудамын.

Ал Қайнарға келсек, ол жаратқан Иеміздің ең қатал сынағынан абыроймен өтті деп айта аламын.

Қайтыс болған неміс жігітінің Қайнардың бойындағыдай қалыптасқан өмірге деген жігерлі құлшыныспен қайсарлы табандылық жетіспей, әлсіздік танытқаны анық.

Әу баста мектепті бітірер-бітірместен Қайнардың ауруы, Бішкектегі білімді профессорлардың оның жұлынында ісік бар деп табуы, пышаққа түсуі, жүре алмай қалуы бәрі, бәрі де Тәңіріміздің бұйрықты ұйғарымымен жүзеге асты. Менің пайымыммен Қайнарға жасалынған операция сәтті аяқталып, жазылып, аяқтарынан тік басып жүріп кеткенде ол жоғары оқу орнына түсіп, заңгер мамандығын иеленіп, өзіне тиесілі қызметін атқарып жүре берер еді.

Ал қазіргі жағдайда Қайнар тек халыққа, қалың жұртшылыққа ғана қызмет атқаруда.

Осының бәрі бір Алла Тағаланың құдіретті күші, бұдан шығар қорытынды, уақыт келгенде Қайнардың аяғынан тік тұрып жүріп кетуі де ғажап емес! Әбден мүмкін!

Кей күндері өн-бойымды шабыт кернеп, ақын болмасам да беймәлім күш өлең жаз деп қолыма қалам алуыма итереді. Маған қуат, дем беріп, қайткенде де осы кітапты жарыққа шығарамыз деп отырған Захардин, Мәкен ағалар!

Мына жыр шумақтарымының жетіспейтін жерлері болса жөндеп, өндеп кәдеге жарататын шығарсыздар деген үміттемін.

Құрметпен Қайнар інілеріңіз!

“Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ”,
Бұл сөзді Абай айтқан нықтап-нықтап.
Әр сөздің астарында бір сыр бардай,
Жүрегімнен ақтарылар жыр шумақтап.

Данышпан, ақын, батыр бабам өткен,
Өткен ғасыр, талай асыл дана да өткен.
Қойнауында сол бабалар жатқан жерлер
Тұрғандай Алла төгіп нұрын көктен.
Көктем, жаз өгіп жатыр, күз дегенің,
Мансап қуып, атақ-даңқ іздемедім.
Дертке қуат, бойыма әл бере ме деп,
Сырласып бабалардан шипа іздедім.

Бабалар өткен өмірден,
Тілеумен қамын ұрпақтың.
Сол бабалар жолымен
Жүректен ашып сыр тарттым
Қолда деп, баба рухтары
Қалам алып қолыма
Арнау арнап, жыр жаздым
Ұлы жүздің елі деп,
Күңіреніп көз салып.

Жетісудің жері деп
Жауға қарсы соғысқан,
Бәйдібектей бабамыз.
Зиярат қылып басыңа
Тәу етіп біздер барамыз.
Асыл жары бабаның,
Пір тұтатын панамыз.
Әулие Нұрила атанған
Домалақтай анамыз
Сіздерге арнап жыр жазған
Жалыннан ұшқан ұшқындай
Қайнарбектей балаңыз,
Бақыттымыз ұрпағы
Бәйдібектей бабаның
Ел сиынған, пір тұтқан
Домалақтай ананың
Жарықшақ деген баласы
Немереңіз Дулаттан
Төрт ағайын тарапты
Сиқым екен үлкені
Шымыр, Ботпай егіз ғой
Жаныс та бел баласы
Солардан біздер тараған
Ботпай деген ел едік
Ботпайдан шыққан көп батыр
Еңіреп жүріп елім деп,
Жау қолында кетпесін
Ұлан-байтақ жерім деп,
Сыпатай сынды бабамыз
Ұрпағы ол да Ботпайдың
Артындағы ұрпағы
Біздерміз оны жоқтайтын
Алыс сапар шыққанда
Сиынып басына тоқтайтын!

Атқа қонды түп-түгел
Иісі қазақ баласы.
Жар болып Алла Тағалам,
Жарылқасын кеңінен.
Рахман нұры тамады.
Жиылған игі жақсымның
Иман жүзді өңінен
Аруағы басым қашаннан
Қаракерей Қабанбай,
Шын асылдан қашалған
Қанжығалы Бөгенбай,
Қоңыраулы көштей жасанған
Шақшақ ұлы Жәнібек,
Әз бастаудан бас алған
Қасиетті Қангелді,
Қас жауына шүйліксе
Қара тастай қасарған.
Батыр Баян, ер Қанай,
Жүз көрісіп, қаласаң,
Сәлемдеспек сенімен...
Хан болғаннан не пайда —
Қанаты құрыш сұңқардай
Қарадан бағын оздырып
Халқы үшін отқа түспесе.
Мыңның алды тұлпардай
Табанын тасқа тоздырып
Ауыздығымен су ішпесе.
Тасбақаның сабырымен
Уақыт сіңірін создырып
Таланы болар тарихтың
Лайықтап тонын пішпесе.

Би болғаннан не пайда —
Көпке төнер нәубеттің
Алдын ала іс қылып
Қай тұстанын сезбесе
Бағына біткен дәулеттің
Буынан басы айналып
Алтын масына төзбесе
Пиғылы бұзық наданның
Нас қылығынан жерініп
Теріс тірлігінен безбесе.
Батыр болғаннан не пайда —
Туған елдің басына
Екі талай күн туып,
Еңіреген шағында
Қиян шетте қам қалып
Қанды жасын тыймаса.
Жасағын ертпей қасына
Көрген түстейін ұмытылып
Қарсы жүзбей ағынға
Терісі қалың тонданып
Етек пен жеңін жимаса...
Уа, ер Жауғаш!
Ер Жауғаш!
Аш бүйідей бүрісіп,
Кәрі жындай құрысып,
Қаралы туын сүйретіп,
Қарсы келгенін күйретіп,
Аспан астын шаң қылып
Жердің үстін қан қылып,
Жоңғар келіп іргеге
Салып жатыр ылаңын.

Арыстандай айбаттым,
Жолбарыстай қайраттым,
Екі сөйлер ез мінез
Жоқ-тын түлкі бұлаңың,
Арда өскендерім сынақта тұр
Нар кескендерім қынапта тұр.
Күллі сарбазым сапта тұр,
Бүкіл Баһадүрім бапта тұр –
Не істеуге, батыр, құлқың бар –
Енді өзінде, құлағым!..

Кәдірбек АМАНГЕЛДИЕВ.

Тағдырдың жазуына қолдан келер шара бар ма?!

Кішкентайдан асық атысып, доп қуаласып, тай-құлындай тебісіп, бірге өскен қимас досым Кәдірқұлұлы Қаныбектің мезгілсіз қазасы жан-дүниемді ерекше жаралап кеткен еді. Сонда Қаныбектің рухына арнап:

Қайтейін, қайтейін, Қаныбек, қайтейін
Қай сырымды, қай мұңымды айтайын.
Қалам-қағаз, жан-дүнием арқылы
Ата-ана бауырларға жұбату айтайын!
Жүруші ең жан досыңды еркелетіп,
Асығып о дүниеге ерте кеттің
Періште мен иманың жолдас болып.
Қош бол жаным, қош, қош бол дейін
Сұм ажалды тауыпсың сен қаладан
Кеш біз пақырды ара түсе алмаған.
Он баланың ішіндегі өзгеше
Дара туған ұл едің-ау анадан.
Тарам-тарам ақты жасы көзінен
Артта анаң қалды айрылып өзіннен
Аламанда топқа түскен тұлпардай
Көптеп үміт күткен едік өзіннен!
Тамсандырған жан едің өнеріңмен
Жүрегінде сезім бар ма еді өлем деген.
Ақжарқын бейнең кетпейді көз алдымнан

Келіп едің біраз бұрын өлеріңнен.
Қалжыңымыз жарасқан құрдас едің
Айтпасымды ұға білген сырлас едің
Тасжүректей тағдырға шара бар ма?
Өз қолымнан жұмаққа да қимас едім...
Қаныбек-ау, қара жердің астында
Сағынышты-қайғымды естім жатсың ба?
Бар амалым — бағыштаймын аяттар
Өзің жатқан бейітіңнің басында! —
деп жыр жолдарын жазған едім...

Қайнар Каналбекұлы.

Халқымнан, елімнен айналайын!

Халқым үшін, елім үшін, дос-жолдас, туған -туыс, бауырларым үшін шыбын жаным құрбан болса арманым жоқ. Менің көрген қиындығымды Алла дұшпанымның да басына бермесін, деп тілеймін. Халқымнан, елімнен айналайын, қуанғанда да, қиналғанда да жанымнан табылған. Алла жалғыздықтан сақтасын, жалғыз емеспін! Елім, халқым, алдымда анам, жанымда жарым, тілеуімді тілеген туған туыс, бауырларым да баршылық. Көз-тілден сақтасын, көппін деп те көпірмеймін, Аллаға тәубешілік, тоба деймін.

Халқымның арқасында, халықтың ұлы, халық емшісі атанып отырмын. Балалық шағымда әкем мен анам еш қиындық көрсетпей, не ішем, не кием деген ойыма да келмей лезде өте шықты. Мектептегі ұстаздарыма да мың да бір рахмет, көбіне оқушылардың алдына шығарып, Тәсібеков Қайнардан үлгі алындар! Білімі қандай, тазалығы қандай деген сөздері әлі есімде. Кластастарым:

— Осы сен, түнімен ұйықтамай кітап оқып шығасың ба? — деп, әзіл-шыны аралас қалжындайтын.

Бір күні анам мектептегі ата-аналар жиналысынан ерекше қуанышпен келіп, бетімнен сүйіп айтқаны:

— Балам, жарайсың! Үлкен кісілер бар екен, олармен қатар отыруға ұялып, артқы орындарға жайғасқанмын. Мектеп директорының өзі үш-төрт ата-ананы, ішінде мен де бармын, ең алдыңғы қатарға отырғызып: “Бұл кісілердің балалары өте тәртіпті,

үлгілі” дегенде, төбеміз көкке жеткендей қуанып қалдық, — деді.

Мүмкін, кейін айта жүрсін деген шығар. Әкей қайтыс боларынан бір жылдай бұрын, мен ауруханадан шығып келгенімде, оңашада анамызға:

— Аллаға шүкір, Қайнардың ғана ауырып қалғаны болмаса, балаларымның бәріне дән-ризамын. Осы уақытқа дейін мектептің бір мұғалімі, болмаса ауылдың бір адамы сенің қызың мынандай, ұлың анандай деп, жаман сөзін естірткен емес, — деп өзінің ризашылығын айтыпты. Бала кезден ата-анамның тәрбиесі, ұстазымның ұлағатты ықпалы болды ма, өзім өте намысшыл, ешкімнің көңілін қалдырмасам, ел сенімін ақтасам деген қағиданы бойыма қалыптастырып өстім.

Он жеті жасымдағы алға қойған мақсатым, мектепті алтын медалға бітіріп, заңгер болу үшін жоғары оқу орнына түсу еді. Бірақ, ол арманым орындалмады. Тағдырдың жазуы шығар, оған амал бар ма!? Ауыр операция сәтсіз аяқталып, Бішкек ауруханасында 9 ай төсек тартып жатқан соң ауылға оралғанымда қариялар:

— Қиналма, қарағым, баласың ғой, әлі де жақсы болып кетесің, аталарың әруақты кісілер. Әруақтарға сиына бер, текті адамдардың ұрпағысың. Аллаға, әруақтарға сиынсаң жазылып кетесің, — деп сары уайымға салынбай жігерленіп, күш жинауыма әсер етті.

Содан 19 жасымда имандылыққа бет бұрып, анам ораза ұстаса, бірге ұстап, намазға жығылса, бірге жығылдым.

Құранның аудармасына көбірек зер салып, хадистерді оқыдым. Алла-Тағала әрбір пендесінің басына ауыртпалық әкеліп, әрі сынап, қинайды екен. Жаман-

дық, қиындық пен жақсылық қатар келер. Қиындыққа шыдап, төзе білген пендеме берер жақсылығым шексіз деген жерлерін қайталап оқи бергім келеді. Болашаққа деген үмітім осылайша, құран арқылы, Мұхаммед пайғамбарымыздың хадистері арқылы ояна бастады...

Намаз, ораза, құран хадистері арқылы сезім мен сенім күшейіп, адам баласына тән мейірімділікті қасиет арта түсті. Алладан бойыма нұр қойылып тұрғандай әсерде боламын. Соның шарапаты шығар, алдыма келген адамдардан “өңі жылыдан түңілме” деген, өңі жылы, жап-жас бала екен. Құдайдың бергені ғой, сабырлы да салмақты, көзінен нұр төгіліп тұрғандай көрінеді, деп, айтқан жүрек жарды пікірлерін әрдайым естимін.

Күніне әр жақтан, әр ұлттан: орыс, көріс, түрік, күрді, дүнген, көршілес қырғыздар көп келеді. Әрбір адамның ойынан шығуға тырысамын. Ішімдегіні табыңыз, ел сізді көп мақтайды. Қандай оймен келгенімізді өзіңіз айтыңыз деп, сынап келетін адамдар да кездеседі.

Қартаң ата-аналар да, жас бала да, лауазымды басшылар да келеді. Олардың бәрі мен үшін бірдей. Біреуіне асып-тасып, енді біреуіне құрақ ұшып, жағымпаздану менің әдетімде жоқ қасиет.

Өйткені бәрімізді бір Алла жаратты. Бәріміз ерте ме, кеш пе Алланың алдына қайтып барамыз. Қай-қайсымыз қай уақытта болса да, қайда жүсек те жаратқан Алланы есімізден шығармауымыз керек. Алла мәңгілік. Алла жалғыз. Алла мәңгі бізбен бірге — бұл сөз менің сөзім емес — құран сөздері. Құран сөзі — Құдай сөзі емес пе!?

Менің үшін жұрттың бәрі бір кісі,
Келер бұған кейбіреудің күлкісі.
Тән мен жанда айырма жоқ адамда,
Айырма тек ақыл-ойы, түр-түсі.

Шыны керек жарлы да адам, бай да адам.
Әулие ме жүз қой бағып айдаған.
Жарлылар да ар-намыстан таймаған,
Дүниемен ешкім даңқын жаймаған.

Мойындайық аш та адам, тоқ та адам,
Бір-бірінен айырмасы, жоқ маған.
Ас ішкенмен қымбат алтын табақтан,
Бәрібір ол бір ажалға тоқтаған.

Қай кісіден кеммін дейді қай кісі?
Бәрі де адам жарлы кісі, бай кісі.
Жарлыдан көп бай кісінің қайғысы.
Көп нәрсеге қайғырмайды жәй кісі.

Жұрттың бәрі құмар рас баюға.
Жарлы, байда аз бірақ та айырма.
Адамзаттың артықтығы болғаны,
Бойындағы ақылы мен ойында.

Білген дұрыс байлық бәрін шешпейді.
Менмендікті мына өмір кешпейді,
Алапейіл адам көктеп өспейді.
Жақсылардың ісі ғана өшпейді, —

деп арқалы ақынымыз Қайыпназар Шотбасов та осы
шумақтары арқылы қазіргі өмірдің қыр-сырларын,
тынысын, замандастарымыздың бет-бейнесін тап
басып, шынайы көрсетіп отырған жоқ па?!

**Екі жылда жан-жақты өркендеген мемлекетке
қадам басамыз!!**

— Қайнар, бұрыннан да, осы кітапты жазу үстінде де байқағаным, алдына келген адамдарға денсаулығы туралы да, өткендері мен келешегі жайлы да айтқандарының бәрі айна-қатесіз дәл келіп жатады. Оған ешкім дау туғыза алмайтын шығар. Дегенмен, бүгінгі таңда көпшілікті толғандырып жүрген ең өзекті де көкейтесті мәселе еліміздің болашағы — жастарымыздың ертеңі қалай болмақ? Қоғамымыздың індетті жарасына айналған сыбайласа-ұйымдасқан қылмысты әрекеттер шарықтаған үстіне шарықтай бере ме?

— Саясаткер болмасам да бүгінгі өмірдің ағымдары мені де бей-жай қалдырмауда. Біреулер заман өзгерді деп байбалам салып жатады. Мен бұған мүлде келіспеймін. Ашығын айтсам, заман өз орнында. Заман емес, өзгерген адамдар. Олардың мінез-құлқы да, өмірге деген көзқарастары да басқаша. Көкейлеріндегі негізгі мақсат қандай жолмен болмасын баю, тек ақша, ақша, ақша... Иmandылық пен адамгершілікті ұмытып барамыз. Қоғамда әділетсіздік үстемдік алуда.

Табиғат-анамызға да қаскүнемдік танытып, көкжелектерді отап, айналаны ластап жатырмыз.

Бүгінде Жер-Ананы да саудаға салудамыз. Осының бәрі Алланың қаһарына ұшыратуда. Сондықтан да жер-жерлерде табиғат апаттары жиілеп, бүкіл адамзат қауымын үрейлендіріп отыр. Біздің Қазақстанның халқы да дәл осындай қиыншылықтарды басынан кешіруде. Шындығын айтсам, Алла-Тағаланың сынағынан өтуде. Дегенмен бізде басқа жерлердегідей қауіпті табиғи апаттар болатындай негіз жоқ.

Жалпы алғанда елімізде тыныштық орнығады. Бірақ ішінара байлыққа ма, билікке ме таласулар туындап, топ-топ, ұйым-ұйым арасында қантөгісті қақтығыстар мен адам өміріне қастандық жасау сияқты жат әрекеттер көбейе түседі.

Бұндай келеңсіз құбылыстар бірер жылдың көлемінде бой көрсетеді.

Көп ұзамай Қазақстан барлық жағынан жақсылыққа бет бұрады. Екі жылдың көлемінде еліміздің басқару тізгіні халыққа қолайлы, рухани жан дүниесі таза әрі жастау азаматтың қолына тиеді. Сәл ғана уақытқа шыдасак, қасиетті Жер-Анамызды сату, бар байлығымызды талан-таражға салу сияқты халықтың мүддесіне қарсы жұмыс істейтін заңдар қайтадан қаралып, күштерін жояды. Сыбайласқан қылмысты топтар да бірте-бірте құрықталады.

Жаратқан Иеміз қалың жұртшылықты қашанғы жылата берсін. ұшан-теңіз байлығымыздың игілігі түгелдей халыққа бағытталып, жан-жақты өркендеп, гүлденген мемлекетке айналатын уақыт жақын қалды.

Сондықтан “піс алма, піс, ауызыма түс алма, түс” деп жеміс ағашының астында ауызды ашып жата беретін заман келмеске кетті. Ол үшін халық, көпшілік болып немқұрайлы салғырттықпен қалғып-мүлгіп жүре бермей, жатжұрттықтар мен жемқорлардың

қалталарына құйылып жатқан байлықтарымызды бейбіт те салауатты жолмен өзіміздің ұрпақтарымызға қайтаруға белсене ат салысуымыз қажет!

— Қайнар, айтқандарыңның барлығы періштелердің құлағына шалынсын! Сен еліңнің, халқыңның аяулы ұлысың. Әлі де аяғыңнан тік тұрып жүріп кетесің. Үбірлі-шүбірлі, бақытты бол. Қажымай-талмай халқыңа қызмет ете бер!

МАЗМҮНҮ

Алғысөз	3
---------------	---

1 бөлім

Қайсар Қайнар	6
Жақсы жар. К.Амангелдиев	12
Анасы – Тәсібекова Шыруанкүл	14
Ана	
Қ.Шотбасов	16
Ш.Жүндісбаева	18
Қайнар менің оқушым болған.	
М.Ашамаева	19
Оғаш қылығымыз үшін әлі күнге дейін ұялып жүрміз	
Ж.Төлендиева	21
Қайырымды көмегі әрқашан әзір	
Т.Қалқанбайұлы.....	23

2 бөлім

Ақ тілекті алғыстар	24
---------------------------	----

3 бөлім

Қайнар – Оразалы батыр мен Абылай ханның елшісі Жауғаш батырдың ұрпағы	61
Қайнар тағдырдың ең қатал сынағынан абыроймен өтті	68
Жыр жолдары	72
Халқымнан, елімнен айналайын	81
Екі жылда жан-жақты өркендеген мемлекетке қадам басамыз	85

Автор туралы бірер сөз

Мәкен Уақтегі Қайрат Рысқұлбеков атындағы қоғамдық қордың төрағасы. “Азат” газетінің аймақтық тілшісі. Республикалық газет-журналдарда жүздеген мақалалары жарияланған. “Жалын” баспасынан 1999 жылы жарық көрген “Ер намысы – ел намысы” кітабын құрастырушы автор.

2001 жылы “Өркениет” баспасынан шыққан “Қайрат және желтоқсан көтерілісі” кітабының және 2002 – 2003 жылдары “Жас Түркістан” журналында үзінділері жарияланған. “Қайрат танытқан қайраткерлер” кітабының авторы.

2004 жылдың соңында жарық көрген “Балық басынан” кітабының авторы.

Кітаптың жарық көруіне қаржылай демеушілік жасаған азамат аға, Шу ауданының (Жамбыл облысы) әкімі Қарашолақов Бағлан Жиенәлі ұлына.

Баянды ғып бақ берсін,
Тапжылмайтын тақ берсін,
Арайлап атқан әрбір таң,
Тек қуаныш ап келсін! – деп,

ризашылықпен алғыс айтамын.

Қайнар Каналбекұлы,
халық елшісі.

Мәкен УАҚТЕГІ
ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЙНАРЫ

Баспаның бас директоры *З.Қыстаубайұлы*
Редакторы *Е.Ералы*
Суретші *Ж. Айдосова*
Компьютерде беттеген *Б.Мамышева*

Теруге 04.02. 05. жіберілді. Басуға қол қойылды 25. 02.05.
Пішімі 84x108^{1/64}. Офсеттік қағаз. Қаріп түрі “Times”.
Офсеттік басылым. Көлемі 5,75 б.т. + 0,5 жапсырма.
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 218.

ЖШС “Жедел басып шығару баспаханасы”
480016, Алматы қаласы, Д. Қонаев көшесі, 15/1-үй.



Мәкен Уақтегі -
Қайрат Рысқұлбеков
атындағы қоғамдық
қордың төрағасы, "Азат"
газетінің аймақтық
тілшісі.

Ол "Ер намысы - ел
намысы", "Қайрат және
желтоқсан көтерілісі",
"Қайрат танытқан
қайраткерлер" және
"Балық басынан" атты
кітаптардың авторы.